«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ»
NJSC «KAZAKH NATIONAL WOMEN'S TEACHER TRAINING UNIVERSITY»

**КЕЛІСІЛДІ/ СОГЛАСОВАНА/ AGREED**
Алматы қ. Білім басқармасымен/
с Управлением образования г. Алматы/
with the Department of Education of Almaty
Білім басқармасының басшысы/
Руководитель управления образования/
Head of Education Department
_______________ Л. Жылкыбаева/
L. Zhylkybayeva

**БЕКІТІЛДІ/ УТВЕРЖДЕНО/ APPROVED**
Директорлар кеңесінің шешімімен /
Решением Совета директоров /
By the decision of the Board of Directors
Хаттама / Протокол / Protocol № 3
«16» 06 2023 ж./г.

# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
# ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА
# EDUCATION PROGRAMME

## 6B01511 - ГЕОГРАФИЯ-ТАРИХ
## 6B01511 - ГЕОГРАФИЯ-ИСТОРИЯ
## 6B01511 - GEOGRAPHY-HISTORY

БАКАЛАВРИАТ
BACHELOR'S DEGREE

Алматы/Almaty, 2023

**БББ әзірленді/ ОП разработана/ The EP is developed:**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Жұмыс тобының жетекшісі/ Руководитель рабочей группы/ Head of the working group | | **Тулегенов Ердаулет Аскарбекович** - PhD, қауым.профессор м.а., География кафедрасының бағдарлама көшбасшысы, 87025709990, er-daulet_kz@mail.ru<br>**Тулегенов Ердаулет Аскарбекович** - PhD, и.о. ассоц профессора, программный лидер кафедры Географии, 87025709990, er-daulet_kz@mail.ru<br>**Tulegenov Yerdaulet Askarbekovich** - PhD, acting assoc professor, Leader of Programme Department of Geography, 87025709990, er-daulet_kz@mail.ru |
| 2 | | | **Кожакеева Ляззат Темирбековна** - т.ғ.к., доцент, Тарих кафедрасының бағдарлама көшбасшысы, 87014720019, kozhakeeva.lazzat@gmail.com<br>**Кожакеева Ляззат Темирбековна** - к.и.н., доцент, программный лидер кафедры Истории, 87014720019, kozhakeeva.lazzat@gmail.com<br>**Kozhakeeva Lyazzat Temirbekovna** - candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Leader of Programme Department of History, 87014720019, kozhakeeva.lazzat@gmail.com |
| 3 | Әзірлеушілер/ Разработчики/ Developers | | **Токтагулова Улжалгас Сыпабековна** география магистрі, География кафедрасының аға оқытушысы, 87015604109, toktagulova2105@gmail.com<br>**Токтагулова Улжалгас Сыпабековна** - магистр географии, старший преподаватель кафедры Географии, 87015604109, toktagulova2105@gmail.com<br>**Toktagulova Ulzhalgas Sypabekovna** - master, Senior Lecturer Department of Geography, 87015604109, toktagulova2105@gmail.com |
| 4 | | | **Исаева Алия Исаевна** - т.ғ.к., Тарих кафедрасының профессор м.а., 87076101070, aliyaissaevna@gmail.com<br>**Исаева Алия Исаевна** - к.и.н., и.о. профессора кафедры Истории, 87076101070, aliyaissaevna@gmail.com<br>**Isaeva Aliya Isaevna** - candidate of Historical Sciences, Acting Professor of the Department of History, 87076101070, aliyaissaevna@gmail.com |
| 5 | Студент-кеңесшілер/ Студенты-консультанты/ Student consultans | | **Ерлан Айсұлу Асхатқызы** - 6В01511-География-Тарих білім беру бағдарламасының 2-курс студенті, 87774271517, yerlana04@bk.ru<br>**Ерлан Айсұлу Асхатқызы** - студентка 2 курса по образовательной программе 6В01511-География-История, 87774271517, yerlana04@bk.ru<br>**Erlan Aisylu Askhatkyzy** - 2rd year student in the educational program 6B01511-Geography-History, 87774271517, yerlana04@bk.ru |
| 6 | | | **Мухаммаджанова Ширин Кобулжановна** - 6В01511-География-Тарих білім беру бағдарламасының 2-курс студенті, 87073183002, shirin.m.07@mail.ru<br>**Мухаммаджанова Ширин Кобулжановна** - студентка 2 курса по образовательной программе 6В01511- |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | География-История, 87073183002, shirin.m.07@mail.ru<br>**Muhammadzhanova Shirin Kobulzhanovna** - 2rd year student in the educational program 6B01511-Geography-History, 87073183002, shirin.m.07@mail.ru |
| 7 | | | **Биримкулова Баян Аскербековна** - Алматы қ.география пәні мұғалімі, «Шоқан Уәлиханов атындағы Жекеменшік мектеп» ЖШС, 87012160068, bajanalmnis@gmail.com,<br>**Биримкулова Баян Аскербековна** - учитель географии ТОО «частная школа имени Шокана Валиханова» г. Алматы, 87012160068, bajanalmnis@gmail.com<br>**Birimkulova Bayan Askerbekovna** - geography teacher of «Shokan Ualikhanov Private School» LLP, Almaty, 87012160068, bajanalmnis@gmail.com |
| 8 | Сарапшылар/<br>Эксперты/<br>Experts | | **Манқараев Асқар Сайлоубайевич** - Алматы қ. химия және биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің тарих пәні мұғалімі, 87075740005, Mankaraev_a@hbalm.nis.edu.kz<br>**Манкараев Аскар Сайлоубайевич** - учитель истории Назарбаев Интеллектуальной школы химического и биологического направления г. Алматы, 87075740005, Mankaraev_a@hbalm.nis.edu.kz<br>**Mankaraev Askar Sailoubayevich** - history teacher of the Nazarbayev Intellectual School of Chemical and Biological Direction in Almaty, 87075740005, Mankaraev_a@hbalm.nis.edu.kz |
| 9 | Жұмыс берушілер/<br>Работодатели/<br>Employers | | **Даулетбак Гаухар Даулетбаққызы** - Ш.Смаханұлы атындағы №62 гимназия директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Алматы қ, 87074182458, Dauletbak83@mail.ru<br>**Даулетбак Гаухар Даулетбаққызы** - заместитель директора по учебно-воспитательной работе гимназии №62 им.Ш. Смаханулы, г. Алматы, 87074182458, Dauletbak83@mail.ru<br>**Dauletbak Gauhar Dauletbakkyzy** - Deputy Director for educational work of Gymnasium №62 named after Sh. Smakhanuly, Almaty, 87074182458, Dauletbak83@mail.ru |
| 10 | | | **Сариева Гулзира Молдабайқызы** - Алматы қаласы, №72 жалпы білім беретін мектеп директоры, тарих пәнінің мұғалімі, 87772345456, gulzira72mektep@gmail.com<br>**Сариева Гулзира Молдабайқызы** - директор общеобразовательной школы №72 г. Алматы, учитель истории, 87772345456, gulzira72mektep@gmail.com<br>**Sarieva Gulzira Moldabaykyzy** - Director of Secondary school №72 in Almaty, history teacher, 87772345456, gulzira72mektep@gmail.com |

Білім беру бағдарламасы талқыланды және бекітуге ұсынылды/
Образовательная программа рассмотрена и рекомендована к утверждению на заседаниях/
The educational program was considered and recommended for approval at meetings:

Білім беру бағдарламасы талқыланды және бекітуге ұсынылды/
Образовательная программа рассмотрена и рекомендована к утверждению на заседаниях/
The educational program was considered and recommended for approval at meetings:

Университеттің Ғылыми Кеңесі/ Ученого Совета Университета/ Academic Council of University
Хаттама / Протокол / Protocol № 8 «04» 05 2023 ж./г.

Ғылыми Кеңес төрағасы (Басқарма Төрағасы - Ректор) /
Председатель Ученого совета (Председатель Правления-Ректор) /
Chairman of the Academic Council
(The Chair of the Managing Board-Rector) ____________ Г. Қанай / Qanay G.

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесі/ Учебно-методического совета университета/
Educational and Methodical Council of the University
Хаттама/ Протокол/ Protocol № 4 «28» 04 2023 ж./г.

ОӘК төрағасы / Председатель УМС / Chairman of the EMC /
Академиялық мәелелер жөніндегі проректор (Басқарма мүшесі)/
Проректор по академическим вопросам (Член Правления)/
Vice-Rector for Academic Affairs
(Member of the Managing Board) ____________ Е. Жуманкулова / Zhumankulova E.

Жаратылыстану институтының әдістемелік бюросы/ Методического бюро института Естествознание/ Methodical Bureau of Institute of Natural Sciences
Хаттама/ Протокол/Protocol № _____ «____» ________ 2023 ж./г.

ИӘБ төрағасы/
Председатель МБИ/ ____________________________ З. Арғынбаева / З. Аргынбаева / Z. Arginbaeyeva
Chairman of the MBI

География кафедрасы/ Кафедра география/ Department of Geography
Хаттама/ Протокол/ Protocol № 7 «30» 03 2023 ж./г.

Бағдарлама көшбасшысы/
Программный лидер/ ____________________________ Е. Тулегенов/ Е. Тулегенов/ E. Tulegenov
Program leader

# МАЗМҰНЫ


| | |
|---|---|
| 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ...................................... | 6 |
| 1.1. Білім беру бағдарламасы туралы жалпы ақпарат .................................................. | 6 |
| 1.2. Университет бағдары, миссиясы, бағдарламалық мақсаты, құндылықтары, түлек атрибуттары .......................................................................................................... | 7 |
| 1.3. Білім беру бағдарламасының негіздемесі ............................................................ | 8 |
| 1.4. Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері ........................................................ | 8 |
| 1.5. Бағыт әлеуеті және түлектің қызмет атқаратын орындары .................................. | 9 |
| 1.6. Кәсіби құзыреттіліктер салалары ......................................................................... | 9 |
| 1.7. Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері ................................................. | 11 |
| 1.8. Нормативтік сілтемелер ................................................... | 11 |
| 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ ................................... | 14 |
| 2.1. Пәндер мен модульдер бойынша мәлімет .............................................................. | 40 |
| 3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ РЕСУРСТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ ........................................................................................................................ | 40 |
| 3.1. Кітапхана қоры ..................................................................................................... | 40 |
| 3.2. Кадрлық қамтамасыз ету ........................................................................................ | 41 |
| 3.3. Материалдық-техникалық база ............................................................................ | 41 |
| 4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ .................................................................................................................... | 41 |
| 5. ОҚУ ЖОСПАРЫ................................................................................................ | |

# 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

**Білім беру бағдарламасының мақсаты:** География мен тарихты оқыту саласында оқыту және ғылыми-зерттеу қызметіндегі мамандарды дайындау.

## 1.1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

| | |
|---|---|
| **Білім беру бағдарламасының түрі** | ағымдағы |
| **Білім беру бағдарламасының атауы** | 6В01511-География-Тарих |
| **Білім беру саласы** | 6В01-Педагогикалық ғылымдар |
| **Даярлау бағыты** | 6В015-Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау |
| **Білім беру бағдарламасының тобы** | В014-География пәні мұғалімдерін даярлау |
| **Білім беру қызметін жүргізуге берілген лицензия №, күні, айы, жылы** | Білім беру бағдарламасы 6В015-Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау бағыты бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетімен «04» тамыз 2020 ж. берілген № KZ04LAA00018542 лицензия негізінде іске асырылады |
| **ББР тізіліміндегі № және тіркеу/жаңарту күні** | №_____________, «___» «___» 2023 ж. |
| **ҰБТ пәндері** | 1 пән - География<br>2 пән - Дүние жүзі тарихы |
| **ҰБШ бойынша деңгейі** | Бакалавриат, деңгей 6 |
| **Берілетін дәреже** | 6В01511-География-Тарих білім беру бағдарламасы бойынша бакалавры |
| **Білім беру бағдарламасын аккредиттеу** | - |
| **Білім беру бағдарламасының рейтингі** | - |
| **Жалпы академиялық кредит саны** | 240 |
| **Оқу мерзімі** | 4 жыл |

## 1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

**Бағдары:** Тез өзгеретін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

**Миссиясы:** Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

**Бағдарламалық мақсаты:** Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуды мақсат етеді.

**Құндылықтары:** Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

**Университет түлегінің атрибуттары:**

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгеретін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білесін тұлға

1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

*Білім беру бағдарламасының өзектілігі.* 6В01511-География-Тарих білім беру бағдарламасы география мен тарих саласында оқытудың заманауи инновациялық әдістері мен тәсілдерін меңгерген, шығармашылық ойлауға бейім, кәсіби құндылықтары мен дағдылары бар білімді, білікті, бәсекеге қабілетті мұғалімдерді (кадрларды) дайындауға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы жұмыс берушінің талаптарын және еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде білім алушылардың педагогикалық практикадан өтуі, жұмысқа орналасуы үшін жұмыс берушілер таңдалды.

6В01511-География-Тарих білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврларды дайындау тұлғалық, жалпы мәдени, мамандандырылған құзыреттіліктер негізінде үш бағытта қарастырылды. Білім беру бағдарламасының мазмұны бойынша пәндер анықталды, пәндер модульдерге біріктіріліп, оқыту нәтижелері анықталды. Оқу жоспарына 3 базалық пән (Жаратылыстану және жертану, Геология және геоморфология, Қазақстанның физикалық географиясы), 4 бейіндеуші пән (Географияны оқыту әдістемесі, Тарихты оқыту әдістемесі, Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы, Орта ғасырлар тарихы) енгізілген. Сонымен қатар білім алушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыратын таңдау пәндері география және тарих саласы бойынша теориялық білімді одан әрі жетілдіріп, практикалық мәселелерді тұжырымдай білуге мүмкіндік береді. Білім беру бағдарламасында практиканың келесі түрлері ұсынылған: 1-курста үздіксіз оқу (танысу) және оқу-дала практикасы, 2-курста үздіксіз (психология-педагогикалық) және оқу-дала практикасы, 3-курста педагогикалық практика, 4-курста өндірістік (педагогикалық) практика, дипломалды (педагогикалық) практика.

*Нарықтың сұранысы.* Орта білім беру сапасын арттыруда кадрлардың кәсіби дайындығына байланысты жоғары білікті педагогтар маңызды рөл атқарады. Елімізде жыл сайын педагогтар саны артып келеді.

*География пәні бойынша:* Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерде 285 996 мұғалімдер жұмыс істейді, оның ішінде география пәні мұғалімдерінің жалпы саны - 9 040. Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерде магистр дәрежесі бар мұғалімдердің жалпы саны - 5 029, оның ішінде 236-і география пәні мұғалімдері.

Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің мұғалім кадрларының қажеттілігі - жалпы саны - 5 267, оның ішінде география пәні бойынша - 133 (Ақмола - 20, Ақтөбе - 2, Алматы - 9, Атырау - 2, БҚО - 6, Жамбыл - 5, Қарағанды - 35, Қостанай - 0, Қызылорда - 0,

Маңғыстау - 9, Павлодар - 5, СҚО - 18, Түркістан - 4, ШҚО - 2, Астана қ. - 4, Алматы қ. - 2, Шымкент қ - 2).

*Тарих пәні бойынша:* Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерде 285 996 мұғалімдер жұмыс істейді, оның ішінде тарих пәні мұғалімдерінің жалпы саны - 17 106. Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерде магистр дәрежесі бар мұғалімдердің жалпы саны - 5 029, оның ішінде 552-сі тарих пәні мұғалімдері.

Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің мұғалім кадрларының қажеттілігі - жалпы саны - 5 267, оның ішінде география пәні бойынша - 158, (Ақмола - 8, Ақтөбе - 5, Алматы - 11, Атырау - 10, БҚО - 0, Жамбыл - 6, Қарағанды - 42, Қостанай - 3, Қызылорда - 0, Маңғыстау - 15, Павлодар - 5, СҚО - 12, Түркістан - 7, ШҚО - 2, Астана қ. - 4, Алматы қ. - 3, Шымкент қ -4).

*(Дереккөз: ҰБДҚ деректері:* «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ, «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің статистикасы» Ұлттық жинақ).

## 1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

| Академиялық ұтқырлық | Нийде Өмер Халисдемир университеті (қ. Нийде, Туркия) |
|---|---|
| Біріккен білім беру бағдарламасы | 6В01511-География-Тарих білім беру бағдарламасында білім алушы бір мезгілде екі бағдарламаны (География-Тарих) меңгереді. 2019 жылғы 1 қыркүйектен ашылып, білім алушылар қабылданды. 6В01511-География-Тарих білім бағдарламасы бойынша қос пәннің мұғалімі ретінде білім бакалавры біліктілігіне ие болады. |
| Параллельді білім беру | Параллельді білім беру - болашаққа үлкен перспективалар және табысты кәсіби мансаптық өсу үшін берік іргетас болып саналады. Осындай тәсілдің арқасында жұмысқа орналасу және алған кәсіптік білімді іске асыру үшін таңдау мүмкіндіктері кеңейтіледі. Білім беру бағдарламасын сәтті жүзеге асыру үшін екі кафедраның оқытушылары ынтымақтаса отырып, білім беру бағдарламасын бірлесіп әзірлейді. |

**Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі**

Arden university (Ковентри, Ұлыбритания) - 18 %
The University of Oklahoma (Норман, АҚШ) - 22 %

## 1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

***Бағыт әлеуеті:*** 6В01511-География-Тарих білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындай алады:

*білім беру (педагогикалық):*

- әртүрлі білім беру мекемелерінде (мектеп, гимназия, лицей, колледж және т.б.) география және тарих пәндерінің мұғалімі ретінде жұмыс істеу;
- білім бөлімдерінің мамандары (оқу процесін жоспарлау; білім беру қызметін ұйымдастыру; мектеп және мектептен тыс білім беру-тәрбие беру; ұжымды басқару; оқушыларды ынталандыру; консультациялық, әдістемелік, тәрбие жұмысы; білім беру саласындағы инновациялық қызмет көрсету);

*ғылыми-зерттеу, ақпараттық:*

- әр түрлі ұйымдарда бейіндік пәндер бойынша ғылыми зерттеулерді орындау;
- география мен тарих пәндері бойынша ғылыми-өндірістік мекеменің сарапшысы мен зерттеушісі қызметін атқару.
- педагогика, психология, география және тарихты оқыту әдістемесі саласындағы ғылыми-зерттеу, инновациялық, ақпараттық-талдамалық қызмет жасау;

*ұйымдастыру-басқару:*

- білім бөлімдерін және гидрометеорологиялық, геологиялық, топографиялық және тарихи, археологиялық орталықтарда қызмет атқару, басқару.

***Түлектің қызмет атқаратын орындары:*** 6В01511-География-Тарих білім беру бағдарламасы бойынша түлектер жұмысқа (кәсіби қызмет объектісі) орналаса алады:
- мемлекеттік, қоғамдық, жекеменшік білім беру мекемелеріне (мектепке дейінгі, мектеп, лицей, гимназия, орта кәсіптік білім беретін оқу орындары);
- ғылыми-зерттеу ұйымдарына: география, тарих, педагогика, психология және оқыту әдістемесі саласындағы ғылыми, ғылыми-зерттеу орталықтары; тарихи, археологиялық және география институттары;
- басқару ұйымдарына: мемлекеттік басқару органдары, білім департаменттері, өз жұмысында зерттеудің географиялық және тарихи әдістерін пайдаланатын әртүрлі меншік нысанындағы ұйымдар.

## 1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

**1 кәсіби құзыреттілік саласы**

Кәсіби құндылықтарды меңгерген, жан-жақты дамыған, тәрбиелі қалыптасқан тұлға.

**2 кәсіби құзыреттілік саласы**

География және тарих саласы бойынша жүйелі білімі қалыптасқан, оқыту мен тәрбиелеу процесін жүзеге асыратын кәсіби маман. Білім беру міндеттерін айқындауды, сабақ жоспарлауды жүзеге асыруды, әртүрлі әдістерді, оқыту стратегияларын және бағалау құралдарын меңгерген.

**3 кәсіби құзыреттілік саласы**

Қазіргі заманғы ғылыми деңгейде география мен тарихты оқу үдерісін ұйымдастырушы және кәсіби қызмет саласында оқытудың заманауи әдістері мен технологияларын қолдануға қабілетті.

**4 кәсіби құзыреттілік саласы**

География және тарих саласында оқу-әдістемелік қызметті жүзеге асыруда кәсіби қызметтің нәтижелерін әзірлеуші, ізденуші, зерттеуші және бәсекеге қабілетті педагог.

## 1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

**ОН 1 -** Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.
**ОН 2 -** Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.
**ОН 3 -** Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде

қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.

**ОН 4** - География және тарих пәндері бойынша оқыту мен білім берудің педагогикалық инновациялық әдістері мен тәсілдерін меңгереді. Кәсіби қызмет саласында заманауи ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдаланады. Кәсіби этикасы қалыптасып, кәсіби саласын сәйкестендіреді және өзінің кәсіби дамуын жоспарлайды.

**ОН 5** - Педагогикалық, географиялық және тарихи зерттеу әдістерін меңгереді. Теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын қолдана отырып, география мен тарих ғылымдарының саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асырады.

**ОН 6** - Географиялық ұғымдар мен терминдерді, атауларды, география ғылымының салаларын меңгереді. Географиялық карталар мен басқа да картографиялық туындылармен жұмыс жүргізе отырып далалық бақылаулар мен зерттеулерді ұйымдастырады. Географиялық процестер мен құбылыстарды бақылау, талдау, бағалау үшін ГАЖ технологияларын қолданады.

**ОН 7** - География ғылымының дамуының негізгі кезендерін біле отырып, кәсіби міндеттерді шешу үшін қазіргі заманауи географияның әдістемелік мәселелерін бағалайды және саралайды. ГАЖ технологияларын пайдалана отырып географиялық ақпаратты өңдеудің заманауи инновациялық әдістерін қолдана алады. Қазақстан аумағы мен дүниежүзі елдерінің физикалық-географиялық, әлеуметтік-экономикалық және геоэкологиялық жағдайын анықтайды және салыстырады.

**ОН 8** - Физикалық-географиялық, әлеуметтік-экономикалық және саяси процестердің ағымдағы жай-күйіне аналитикалық шолу жүргізеді, жаһандық проблемаларды географиялық тұрғыдан ашып көрсетеді. Қазақстан мен дүниежүзі елдерінің геосаяси және геоэкономикалық жағдайын сыни талдай алады.

**ОН 9** - Тарихи процестегі себеп-салдарлық байланыстарды түсіне отырып, мемлекеттік құрылым нысандарының елеулі белгілеріне сыни талдау жүргізеді. Дүниежүзілік және еуразиялық тарихи үдеріс контекстінде тәуелсіз қазақстандық мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи негіздері мен кезеңдерін талдайды, тарихтың әртүрлі кезеңдеріндегі проблемаларды, оқиғаларды, идеялар мен теорияларды сыни бағалайды және түсіндіреді.

**ОН 10** - Қазақстан мен әлем елдерінің мәдениеті мен өркениетін, этнологиясын, тарихнамасын зерделей отырып, археологиялық зерттеулер жүргізеді. Ғылыми әдебиеттерді, библиографиялық және басқа да ақпарат көздерін кәсіби қолдана алады, тарихи процестердің барысын біледі. Мұрағат және мұражай мекемелерінің жұмысын ғылыми ұйымдастыруды меңгереді.

**ОН 11** - Ежелгі, ортағасырлық, жаңа және қазіргі заманғы тарихи құбылыстар мен оқиғаларды талдай отырып, тарихтың одан әрі дамуын болжайды. Салыстырмалы-тарихи, ретроспективті және ғылыми зерттеудің басқа әдістері арқылы Қазақстан мен дүние жүзі елдерінің тарихын саралайды.

**ОН 12** - Ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін қолдануға, ғылыми әдебиеттерді талдауға және деректерді өңдеуге қабілетті. Педагогикалық зерттеу саласында зерттеушілік дағдыларын дамытады. Географиялық зерттеулер бойынша бақылаулар мен эксперименттердің нәтижелерін талдайды.

**БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы**

| | ОН 1 | ОН 2 | ОН 3 | ОН 4 | ОН 5 | ОН 6 | ОН 7 | ОН 8 | ОН 9 | ОН 10 | ОН 11 | ОН 12 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **ТА1** | + | + | + | + | + | + | | + | | | + | + |
| **ТА 2** | + | | + | + | | + | + | | + | + | | |

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **ТА 3** | + | + | | + | | | + | + | + | | + | + |
| **ТА 4** | | + | + | | + | + | + | | | + | | + |
| **ТА 5** | | | + | + | + | + | | + | + | + | + | |
| **ТА 6** | + | | + | + | + | + | + | | + | + | + | + |

1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

**Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:**

1) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.

2) "Педагог" кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы.

3) «Педагогикалық Ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы 27.03.2023 жылғы №125 Бұйрық.

## 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

| **№** | **Модуль коды мен атауы** | **Кредиттердің жалпы саны** | **№** | **Пән коды және атауы** | **Пәннің академиялық кредит.** | **Цикл/ компонент** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **GES -1**<br><br>**Жалпы білім беретін пәндер** | **36** | 1 | **GES 101** Қазақстан тарихы | 5 | ЖБП/ МК |
| | | | 2 | **GES 102** Философия | 5 | ЖБП/ МК |
| | | | 3 | **GES 103** Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (Әлеуметтану, Саясаттану, Мәдениеттану, Психология) | 8 | ЖБП/ МК |
| | | | 4 | **GES 1(2)04** Дене шынықтыру | 8 | ЖБП/ МК |
| | | | 5 | **GES 205** Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар | 5 | ЖБП/ МК |
| | | | 6 | **GES 106/1** Құқықтық сауаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері/<br>**GES 106/2** Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері/<br>**GES 106/3** Экономика және кәсіпкерлік негіздері/<br>**GES 106/4** Көшбасшылық негіздері және инновацияларға бейімделу/<br>**GES 106/5** Эмоционалды интеллект<br>**GES 106/6** Математикалық статистика негіздері | 5 | ЖБП/ ТК |
| 2 | **GLC -2**<br><br>**Тілдік коммуникация** | **25** | 1 | **GLC 101** Қазақ (Орыс) тілі | 10 | ЖБП/ МК |
| | | | 2 | **GLC 102** Шетел тілі | 10 | ЖБП/ МК |
| | | | 3 | **GLC 203** Академиялық мақсаттағы ағылшын тілі | 5 | БП/ЖК |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | **GER – 3**<br><br>**Жаһандық этика және ғылыми зерттеулер** | **22** | 1 | **GER 201** Инклюзивті білім беру | 6 | БП/ ЖК |
| | | | 2 | **GER 402/1** Педагогикалық зерттеулер негіздері | 10 | БП/ ЖК |
| | | | 3 | **GER 303** Кәсіби этика және сәйкестік | 6 | Бейіндеуші пән/ ЖК |
| 4 | **GPS – 4**<br><br>**Жалпы педагогикалық пәндер** | **19** | 1 | **GPS 201** Педагогикалық психология | 6 | БП/ ЖК |
| | | | 2 | **GPS 202** Педагогика және дидактика | 6 | БП/ ЖК |
| | | | 3 | **GPS 303** Критериалды бағалау технологиясы | 5 | БП/ ЖК |
| | | | 4 | **CT(I)P 104** Үздіксіз оқу (танысу) практика | 1 | БП/ ЖК |
| | | | 5 | **C(PP)P 205** Үздіксіз (психология-педагогикалық) практика | 1 | БП/ ЖК |
| 5 | **FGD-5**<br><br>**Физикалық географиялық пәндер** | 38 | 1 | **FGD 101** Жаратылыстану және жертану | 6 | БП/ ЖК |
| | | | 2 | **FGD 202** Геология және геоморфология | 5 | БП/ ЖК |
| | | | 3 | **FGD 203/1** Картография топография негіздерімен<br>**FGD 203/2** Топонимика | 5 | БП/ ТК |
| | | | 4 | **FGD 204/1** Топырақ географиясы және ландшафттану<br>**FGD 204/2** Гидрология және геоэкология | 5 | БП/ ТК |
| | | | 5 | **FGD 305** Қазақстанның физикалық географиясы | 5 | БП/ ЖК |
| | | | 6 | **FGD 406/1** Географияны оқытудағы ГАЖ<br>**FGD 406/2** Қазақстанның киелі жерлер географиясы | 5 | БП/ ТК |
| | | | 7 | **FGD 307** Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы | 5 | Бейіндеуші пән/ ЖК |
| | | | 8 | **TFP 108** Оқу-дала практикасы | 1 | БП/ ЖК |
| | | | 9 | **TFP 208** Оқу-дала практикасы | 1 | БП/ ЖК |
| 6 | **EGD-6**<br><br>**Экономикалық географиялық пәндер** | 16 | 1 | **EGD 401/1** Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы<br>**EGD 401/2** Компьютерлік дизайн: карталарды ресімдеу | 5 | БП/ ТК |
| | | | 2 | **EGD 402/1** Дүниежүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы<br>**EGD 402/2** Геоэкономика және геоурбанистика | 5 | БП/ ТК |
| | | | 3 | **EGD 303/1** Географиялық зерттеу әдістері<br>**EGD 303/2** Геосаясат және геоглобалистика | 6 | Бейіндеуші пән/ ТК |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 7 | **ННК-7**<br><br>**Тарих ғылымының негіздері мен Қазақстанның тарихи кезеңдері** | 16 | 1 | **ННК 201/1** Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлар тарихы<br>**ННК 201/2** Этнология | 6 | БП/ ТК |
| | | | 2 | **ННК 202/1** Археология<br>**ННК 202/2** Тарихнама | 5 | БП/ ТК |
| | | | 3 | **ННК 403/1** Қазақстанның жаңа заман тарихы<br>**ННК 403/2** Мұрағаттану және мұражайтану негіздері | 5 | Бейіндеуші пән/ ТК |
| 8 | **HCW-8**<br><br>**Адамзат өркениеті мен әлем тарихының кезеңдері** | 26 | 1 | **HCW 101/1** Ежелгі дүние тарихы<br>**HCW 101/2** Қосалқы тарихи пәндер | 5 | БП/ ТК |
| | | | 2 | **HCW 302** Орта ғасырлар тарихы | 5 | Бейіндеуші пән/ ЖК |
| | | | 3 | **HCW 303/1** Европа және Америка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы<br>**HCW 303/2** Шығыс елдерінің орта ғасыр тарихы | 6 | БП/ ТК |
| | | | 4 | **HCW 304/1** Азия және Африка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы<br>**HCW 304/2** Еуропа елдерінің орта ғасыр тарихы | 6 | БП/ ТК |
| | | | 5 | **HCW 405/1** Әлем өркениеттерінің тарихы<br>**HCW 405/2** Адам және қоғам | 4 | Бейіндеуші пән/ ТК |
| 9 | **MDP-9**<br><br>**Пәнді оқыту әдістемесі және кәсіби педагогикалық практикалар** | 34 | 1 | **MDP 301** Географияны оқыту әдістемесі | 5 | Бейіндеуші пән/ ТК |
| | | | 2 | **MDP 302** Тарихты оқыту әдістемесі | 5 | Бейіндеуші пән/ ТК |
| | | | 3 | **PP 303**<br>Педагогикалық практика | 6 | БП/ ЖК |
| | | | 4 | **P(P)P 404**<br>Өндірістік (педагогикалық) практика | 16 | Бейіндеуші пән / ЖК |
| | | | 5 | **P(P)P 405**<br>Дипломалды (педагогикалық) практика | 2 | Бейіндеуші пән / ЖК |
| 10 | **FA-10**<br>**Қорытынды аттестация** | 8 | 1 | **WDDP(P)PCE 401**<br>Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру | 8 | ҚА |
| **БАРЛЫҒЫ:** | | **240** | | | **240** | |

## 2.1. ПӘНДЕР МЕН МОДУЛЬДЕР БОЙЫНША МӘЛІМЕТ

**GES-1 Жалпы білім беретін пәндер**

*Модуль сипаттамасы:* Модуль адамның өмірі мен жұмысының барлық салаларында ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал ететін міндетті пәндер жиынтығымен ұсынылған. Модуль пәндері ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру арқылы бәсекеге қабілетті болашақ маманның дүниетанымын, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға, салауатты өмір салтына, өзін-өзі жетілдіруге және кәсіби табысқа жетуге бағытталған. Студенттер философияның дамуы және рефлексия әдістемесінің ғылымның дамуына әсері туралы жалпы мағлұмат ала отырып, мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұны мен өзіндік ерекшеліктерін түсіне алады, Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін талдайды.

| № | Пән коды мен атауы | Цикл/ компонент | Кредит саны | Пән сипаттамасы | Оқыту әдістері | Мақсатты ОН | Бағалау әдістері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **GES 101** Қазақстан тарихы | ЖБП/ МК | 5 | Пәннің мақсаты – студенттерге Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі дамуының негізгі кезеңдері туралы білім беру болып табылады. Оқыту нәтижесінде студенттер: Қазақстан тарихының негізгі даму кезеңдері туралы білімдерін және түсінігін көрсетеді; өткен тарихи құбылыстар мен оқиғаларды сыни талдау арқылы адамзат қоғамының дүниежүзілік-тарихи дамуының жалпы парадигмасымен салыстырады; қазіргі Қазақстанның тарихи процестері мен құбылыстарын зерттеуде аналитикалық және аксиологиялық талдау дағдыларын меңгереді; қазіргі қазақстандық даму моделінің имманенттік ерекшеліктерін объективті және жан-жақты түсіне біледі; Қазақстан тарихындағы тарихи құбылыстар мен процестерді жүйелейді және сыни тұрғыдан бағалайды. | Кейс-стади әдісі; миға шабуыл; Фишбоун әдістері; қонақ дәрістер; Топтық жұмыс; Менталды карта әдісі | ОН 2 | Эсселер, презентациялар, ауызша емтихан |
| 2 | **GES 102** Философия | ЖБП/ МК | 5 | Бағдарламаның мақсаты – студенттерде философияны әлемді танудың ерекше формасы ретінде, оның негізгі бөлімдері, мәселелері мен болашақ кәсіби іс-әрекеттер контекстінде оларды зерттеу әдістері туралы тұтас түсінігін қалыптастыру болып табылады. Философияның | Рольдік ойындар, іскерлік ойындар, жобалар әзірлеу; тренингтер; миға шабуыл | ОН 2; ОН 3 | Тест; эссе талқылау |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тарихи дамуы контекстінде онтология мен метафизиканың негізгі мазмұнын сипаттайды. | | | |
| 3 | **GES 103** Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (Әлеуметтану, Саясаттану, Мәдениеттану, Психология) | ЖБП/ МК | 8 | Бағдарламаның мақсаты – қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін шешу жағдайында студенттердің әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыру болып табылады. Студенттер осы пәндердің өзара байланысын, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, қоғамдық қатынастар, мәдени құндылықтар мен саяси жүйеге әсерін білетін болады. Пән аналитикалық ойлауды, сыни тұрғыдан ойлау мен күрделі әлеуметтік құбылыстарды түсіну қабілетін дамытады, сонымен қатар студенттердің толеранттылығы мен азаматтық белсенділігін қалыптастыруға ықпал етеді. | Кейстер; презентациялар, диаграммалар; сұрақ-жауаптар; топтық жаттығулар; интербелсенді әдістер | ОН 1; ОН 2; ОН 3 | Тест; кейс талдау; презентация қорғау; мақалаларды, баяндамаларды талқылау |
| 4 | **GES 1(2)04** Дене шынықтыру | ЖБП/ МК | 8 | Бағдарламаның мақсаты-денсаулық сақтау технологиялары арқылы студенттердің қозғалыс мәдениеті мен қасиеттерін тәрбиелеу. Студенттер әртүрлі спорт түрлері арқылы физикалық, психофизикалық және жеке қасиеттерін, өзін-өзі диагностикалау, ұжымдық жұмыс жасау, салауатты өмір салтына ынтасын арттыру және кәсіби қызметке дайындау дағдыларын дамытады. | демонстрациялық әдіс; тәжірибеге бағытталған әдіс; тренинг | ОН 1; ОН 2 | бақылау нормативтері; дифф.сынақ |
| 5 | **GES 205** Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар | ЖБП/ МК | 5 | Бағдарламаның мақсаты – студенттерде процестерді, ақпаратты іздеу, сақтау және өңдеу әдістерін, сандық технологиялар арқылы ақпаратты жинау және беру әдістерін сыни тұрғыдан бағалау және талдау қабілетін дамыту болып табылады. Студенттер ақпараттық ресурстарды іздеу және бағалау, деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және технологияны пайдалана отырып тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгереді. Олар алған білімдерін есептерді шешуде қолданады, | Проблемалық оқыту әдісі; дискуссиялық (пікір-талас) әдісі; жобалау әдісі; кейс-стади | ОН 1; ОН 2; ОН 3 | Тест, жоба |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануда сыни тұрғыдан өздігінше ойлай алады. | | | |
| 6 | **GES 106** Құқықтық сауаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері | ЖБП/ ТК | 5 | Курс құқықтық сауатты, заңға бағынатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Студенттер өздерінің құқықтары мен міндеттерін біледі және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік танытады. Студенттер өз қызметінде қазақстандық қоғамның әлеуметтік, құқықтық және этикалық нормаларын қолдана алады. Курс заңдылық түсініктерін, этикалық қағидалары мен қоғамдағы сыбайлас жемқорлықпен күрес қағидаларын дамытады. | Кейс-стади әдісі; миға шабуыл; Фишбоун әдістері; қонақ дәрістер | ОН 1; ОН 3 | Эсселер; презентациялар; жазбаша емтихан |
| | **GES 106** Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері | | | Пән студенттердің заманауи экологиялық білімі мен мәдениетін қалыптастырады, өмір қауіпсіздігі үшін техникалық құралдар мен технологиялық процестердің қауіпсіздігін арттыру әдістерін қолдану дағдыларын дамытады. Пән әртүрлі деңгейдегі ұйымның экожүйелері қызметінің, тұтастай биосфераның негізгі заңдылықтарын, адам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасында туындайтын қайшылықтарды, сондай-ақ табиғат пен экологияға ұқыпты қарау қажеттігін айқындайды | Кейс, фишбоун, Т кестесі, "ДЖИК СО" әдісі, "Венн диаграмма" әдісі, "Кластер" әдісі | ОН 1; ОН 2; ОН 7 | Ауызша сауалнама. Эссе. Емтихан (жазбаша, тест) |
| | **GES 106** Экономика және кәсіпкерлік негіздері | | | Пән студенттердің кәсіпкерлік дағдылары мен іскерлік ойлауын қалыптастыруға бағытталған. Студенттер экономиканың, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру шарттарын, оның ішкі және сыртқы ортасының заңдылықтарымен жан-жақты танысу арқылы бизнес-жоспар, жеке бизнесті құру және өз бизнесін сәтті жүргізу дағдыларына ие болады | Кейс-стади әдісі; миға шабуыл; методы Фишбоуна; гостевые лекции; жоба әдісі | ОН 1; ОН 2; ОН 3 | Эсселер, презентациялар, жобалар, тест |
| | **GES 106** Көшбасшылық негіздері және инновацияларға бейімделу | | | Пәнді игеру арқылы әрбір студент жеке тұлға ретінде көшбасшылық қасиеттерін ашу және дамыту, инновациялық үдерістерден туындаған жаңалықтарға бейімделу дағдыларын дамыту, сонымен бірге ғылыми-техникалық үдерістер | Төңкерілген оқыту, жағдаттық (ситуативное) оқыту (Кейс жинау), | ОН 1; ОН 2 | Ауызша (кейстерди шешу) |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | нәтижелерін кәсіби қызметінде қолдана алу мүмкіндіктеріне үйренеді.Басқарудағы көшбасшылық қасиеттер мен адами фактордың қазіргі жағдайы мен даму перспективаларын оқып біледі | технологиялық оқыту (Padlet тақта, канва қосымшасы, комикстер, кахоот, т.б.) | | |
| | **GES 106** Эмоционалды интеллект | | | Пән Қазақстанның мемлекеттік білім беру саясатының стратегиялық бағдарлары мен басым бағыттары контекстіндегі педагогтың тьютор рөлін игеруіне бағытталған. Студенттер қазіргі мектептің білім беру процесіндегі эмоционалды интеллекті мен «икемді құзыреттіліктердің» орнын анықтайды. Икемді дағдыларды, соның ішінде оны цифрлық ортада дамытуды ескере отырып, білім беру қызметін ұйымдастырудың заманауи әдіс-тәсілдері мен технологияларын қолдана алады. Әртүрлі жастағы оқушылардың эмоционалды интеллектісін бағалау мен дамытудың технологияларын меңгереді. | рөлдік ойындар; оқу дискуссиялары; кейс-стади; жобалау әдісі | ОН 1; ОН 2 | Критериалды бағалау әдісі; Жоба қорғау |
| | **GES 104** Математикалық статистика негіздері | | | Пәннің мақсаты - студенттерді жүйелі ойлаудың формалары мен заңдылықтарымен таныстыру, студенттерді жүйелі ойлауға үйрету, оларда негізделген дәлелдеу дағдыларын дамытуға көмектесу болып табылады. Студенттер деректерді жинау, өңдеу және идеялар ұсыну процесін түсінеді, қарастырылатын объектінің немесе құбылыстың жағдайын бағалауда деректерді сандық және сапалық талдауды қолдану дағдылары қалыптасады. | түсіндіру, кейс стади, топпен және жұппен жұмыс | ОН 1; ОН 2; ОН 3 | Жазбаша емтихан |

**GLC-2 Тілдік коммуникация**
*Модуль сипаттамасы:* Модульді меңгеру барысында студенттерде қазақ, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілеті қалыптасады. Студенттер жазбаша және академиялық жазылым тұрғысында ауызша сөйлеудің практикалық дағдыларын дамытады.

| № | Пән коды мен атауы | Цикл/ компонент | Кредит саны | Пән сипаттамасы | Оқыту әдістері | Мақсатты ОН | Бағалау әдістері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **GLC 101** Қазақ (Орыс) тілі | ЖБП/ МК | 10 | Пән қазақ (орыс) тілінде тілдік дайындықты дамытуды жалғастыруға бағытталған. Пәннің мақсаты – тілді сенімді меңгеру, оны кәсіби және оқу мақсатында қолдана білу болып табылады. Студенттер нақты бір тілде сауатты және тиімді сөйлеу дағдыларын дамытады, сөздік қорын кеңейтеді, грамматикалық және орфографиялық сауаттылығын, академиялық жазу дағдыларын жетілдіреді. | АКТ технологиялары; проблемалық-ізденіс оқыту технологиясы; сынақ технологиялары АКТ технологиялары; проблемалық-ізденіс оқыту технологиясы; сынақ технологиялары | ОН 1; ОН 2 | Тест |
| 2 | **GLC 102** Шетел тілі | ЖБП/ МК | 10 | Пәннің мақсаты – студенттердің әртүрлі мақсатта шетел тілінде сөйлеу дағдыларын кеңейту және нақтылау болып табылады. Пәнді оқу барысында студенттер шетел тілінде тыңдау, сөйлеу, жазу және грамматика дағдыларын жаттықтырады және жетілдіреді, тұлғалық және кәсіби әлеуеттері байытады. Пәнді оқу барысында студенттердің мәдени ой-өрісі кеңейеді, мәдениетаралық қарым-қатынас дағдылары қалыптасады. | Коммуникативтік, АКТ технологиялары; | ОН 1; ОН 2 | Тест |
| 3 | **GLC 203** Академиялық мақсаттағы ағылшын тілі | БП/ЖК | 5 | Пән студенттерде ғылыми стильдің жанрлық түрлері туралы білімн қалыптастырады, кәсіби қызмет саласында ақпарат пен деректерді жинаудың, сақтаудың және өңдеудің заманауи әдістерін меңгертеді, сонымен қатар сөйлеу әрекетінің оқу, сөйлеу, сөйлеу. жазу, тыңдау сияқты төрт түрі бойынша академиялық байланыс дағдыларын дамытады. | RWCT стратегиялары | ОН 1; ОН 2; ОН 3 | Эссе |

**GER – 3 Жаһандық этика және ғылыми зерттеулер**

*Модуль сипаттамасы:* Модуль пәндері кәсіби қызметте қолданылатын жаһандық құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған. Студенттер жаһандық инклюзивті қоғам құруды құндылық ретінде қабылдайды және оны құру мен қолдауға үлес қосады. Студенттер кәсіби саладағы ғылыми зерттеулермен, мәліметтерді жинау мен талдаудың негізгі әдістерімен, мінез-құлықтың кәсіби этикасымен және кәсіби саладағы зерттеулермен танысады. Студенттер өздерін кәсіби саланың өкілімен сәйкестендіреді және байланыстырады және өзінің кәсіби дамуын жоспарлайды, кәсіби құзыреттіліктерін дамытуы және еңбек нарығындағы құндылықты арттыру үшін өмір бойы білім алуға ынталанады.

| № | Пән коды мен атауы | Цикл/ компонент | Кредит саны | Пән сипаттамасы | Оқыту әдістері | Мақсатты ОН | Бағалау әдістері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **GER 201** Инклюзивті білім беру | БП/ ЖК | 6 | Пән студенттердің әрбір мүшесі өзінің құндылығы мен маңыздылығын сезінетін инклюзивті қоғам қағидалары туралы түсінігін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. Оқушылар жас ерекшеліктеріне байланысты физиологияны, анатомияны жақсы біледі, жасерекшелік физиологиясы туралы терең білімге сүйене отырып, танымдық дағдылардың қағидаларын түсінеді, ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс жасай алады, инклюзивті білім беру ортасын құрудың стратегияларын біледі және оны жүзеге асыра алады.. | Мәселелік - бейімдеушілік оқыту, төңкерілген оқыту әдісі, рефлексивті оқыту, интербелсенді оқыту, мәселелік дәріс, іскерлік ойын, педагогикалық жағдаяттарды шешу, топтық және жеке жоба, презентация, реферат | ОН 1; ОН 2 | Ауызша және жазбаша емтихан, топтық және жеке презентация, топтық және жеке жоба, тест |
| 2 | **GER 402/1** Педагогикалық зерттеулер негіздері | БП/ ЖК | 10 | Пән педагогикалық зерттеу саласында зерттеушілік дағдыларды дамытуға бағытталған. Студенттер зерттеудің негізгі сапалық және сандық әдістерін біледі, ғылыми әдебиеттерді талдай алады, Action research, lesson study әдістемелерін, бақылау мен рефлексияны меңгерген. Студенттер деректерді өңдей алады және көпшілікке ұсыну үшін зерттеу нәтижелерін ауызша және жазбаша түрде құрастыра алады. | Жобалық оқыту | ОН 2; ОН 4; ОН 5; ОН 12 | Жобаны қорғау |
| 3 | **GER 303** Кәсіби этика және сәйкестік | Бейіндеуші пән / ЖК | 6 | Пәннің мақсаты – студенттерді кәсіби педагогикалық ортада қабылданған көзқарастармен, құндылықтармен, білімдермен, сенімдермен және дағдылармен таныстыру. Студенттер педагогикалық немесе басқа да қызмет | Пікір талас әдісі; Кері байланыс әдісі, семинарлық әдіс; Кейс-стади | ОН 2; ОН 4; ОН 5; ОН 12 | Жазбаша емтихан |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | аясында көшбасшылық және белсенділік дағдыларын, Қазақстанның ұлттық және мәдени құндылықтарына деген сүйіспеншілігін дамытады, кәсіби этикамен танысады, оны құндылық ретінде қабылдай отырып, қатаң сақтауды үйренеді. Студенттер мансап жолын жоспарлай отырып, өзін-өзі талдау және өзін-өзі басқару дағдыларын дамытады. | | | |

**GPS – 4 Жалпы педагогикалық пәндер**

*Модуль сипаттамасы:* Модуль педагогикалық мамандықтар үшін міндетті болып табылады және педагогикалық мамандықтың теориялық негіздері оқытылатын пәннің негіздерін ұсынады. Студенттер педагогиканың жалпы бөлімдерімен танысады, модульде психология икемді мазмұнда ұсынылған, ол педагогикалық контексте пайдалану үшін бейінді және қазіргі мектептің сұранысына жауап береді.

| № | Пән коды мен атауы | Цикл/ компонент | Кредит саны | Пән сипаттамасы | Оқыту әдістері | Мақсатты ОН | Бағалау әдістері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **GPS 201** Педагогикалық психология | БП/ ЖК | 6 | Пәннің мақсаты әр түрлі жас кезеңдерінде оқыту және тәрбиелеу психологиясы саласындағы білімді қалыптастыру болып табылады. Оқушыларды мектепте жетістікке жетуге ынталандырудың психологиялық жолдары туралы нақты түсінік қалыптасады және танымдық процестердің сапасын бағалайды.<br>Студенттер мұғалім-оқушы-ата-ана жүйесінде сындарлы қарым-қатынас үлгілерін ассимиляциялау арқылы коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытады. Курстың соңында олар білім берудегі психологиялық-педагогикалық тәсілдерді сыни тұрғыдан бағалау дағдыларын меңгереді. | Жариялау әдісі; пікір талас әдісі; кері байланыс әдісі, семинарлық әдіс; Кейс-стади. | ОН 1;<br>ОН 2 | Ауызша сауалнама, жазбаша емтихан |
| 2 | **GPS 202** Педагогика және дидактика | БП/ ЖК | 6 | Пәннің мақсаты – ғылым ретінде педагогика туралы жалпы түсінік пен зерттеуге бағытталған оқыту концепцияларын қалыптастыру. Студенттер педагогика ғылымының дамуының | Проблемалық оқыту, SWOD талдау, жағдаяттық оқыту, RWCT стратегиялары | ОН 1;<br>ОН 2 | Тест |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тарихи алғы шарттарын меңгереді, дидактиканың негізгі заңдылықтары мен қағиаларын түсінеді. Студенттер цифрлық құралдарды пайдалана отырып, өзекті ғылыми ақпараттарды ты іздеуді және талдауды жүзеге асырады, педагогика мен дидактиканың іргелі негіздеріне сүйене отырып, өз көзқарасын білдіруге қабілетті. | | | |
| 3 | **GPS 303** Критериалды бағалау технологиясы | БП/ ЖК | 5 | Пән технологияны оқу үдерісінде практикалық қолдануды оқытады. Курс білім беру мақсатындағы таксономияның негізінде және білім алушының білім деңгейіне сәйкес оқыту нәтижелерін бағалаудың критерийлері мен формативтік және жиынтық тапсырмаларды әзірлеу дағдыларын қалыптастыра отырып, оқыту нәтижелері мен әдістерінің өзара талаптары мен мақсаттарын үйретеді және бақылаудың рейтингтік жүйесінің тұжырымдамасын ашады | Проблемалық оқыту, төңкерілген оқыту әдісі, рефлексивті оқыту | ОН 2; ОН 4; ОН 5 | Жазбаша емтихан |
| 4 | **CT(I)P 104** Үздіксіз оқу (танысу) практика | БП/ ЖК | 1 | Практиканың мақсаты - студенттерді білім беру мекемесінің жұмысын жоспарлау жүйесін, сонымен қатар тапсырмалардың, жоспарланған іс-шаралардың орындалуын бақылауды зерттеу үшін педагогикалық және зерттеу қызметінің негіздерімен таныстыру; оқу орны қызметінің негізгі бағыттары бойынша жұмысты оқып үйрену. | Тәжірибелік әдіс, бақылау әдісі (кейс әдісі, ситуациялық талдау әдісі) | ОН 2; ОН 4; ОН 5; ОН 6 | Есеп беру |
| 5 | **C(PP)P 205** Үздіксіз (психология-педагогикалық) практика | БП/ ЖК | 1 | Практиканың мақсаты - студенттердің іс-әрекетінде мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің негізгі психологиялық-педагогикалық компоненттерін қалыптастыру және интеграциялау. Сабақтың психологиялық компоненттерін және оларды өзінің педагогикалық іс-әрекетінде құруды талдау дағдыларын дамыту. Студентті кәсіби қызметті талдауға дайындау және кәсіби және жеке өзін-өзі дамыту процесін белсендіру. | Тәжірибелік әдіс, бақылау әдісі (кейс әдісі, ситуациялық талдау әдісі) | ОН 2; ОН 4; ОН 5; ОН 6 | Есеп беру |

**FGD-5 Физикалық географиялық пәндер**

*Модуль сипаттамасы:* Модуль пәндері Жердің жаратылысын, географиялық қабығын зерттейтін ғылымдар кешенін және табиғат денелері мен құбылыстарының жер бетінде таралу заңдылықтарын зерттейтін физикалық география пәндерін ұсынады және географиялық пәндерді оқытудың тиімділігін арттыруда педагогикалық, ғылыми, практикалық жұмыстарда картаны дұрыс пайдалануды үйретеді. Модуль геология, геоморфология, гидрология, геоэкологияның концептуалды негіздерін және топырақ географиясы мен ландшафтының географиялық таралу заңдылықтарының сыртқы ортамен өзара байланысын анықтауға бағытталған. Студенттер Қазақстан аумағына және материктер мен мұхиттарға физикалық-географиялық сипаттама бере алады және осы аймақтардың табиғи-ресурстық әлеуетін дұрыс салыстыра алады. Топонимика бойынша географиялық атауларды стандарттау мен тарихи атауларды зерттейді. Қазақстанның палеомәдени, тарихи және табиғи киелі жерлерінің таралу ерекшеліктерін жіктейді. Топографиялық, картографиялық карта элементтерін, түрлері мен типтерін ажыратып, карталарды жіктеуді үйренеді және практикалық тұрғыда сызады. Студенттер ГАЖ қосымшаларының көмегімен географиялық ақпаратты өңдеудің заманауи әдістері деректерді жинау, сақтау, іріктеуді үйренеді және географиялық деректер базасын талдайды.

| № | Пән коды мен атауы | Цикл/ компонент | Кредит саны | Пән сипаттамасы | Оқыту әдістері | Мақсатты ОН | Бағалау әдістері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **FGD 101** Жаратылыстану және жертану | БП/ ЖК | 6 | Пән - Жердің атмосфера, гидросфера, биосфера, литосфера қабықтары, Жердің пайда болуы және оның дамуы, Жерде тіршіліктің пайда болуы және оның эволюциясы, табиғат пен қоғамның өзара жүйелі байланысы туралы білімдер қалыптастырады. Студенттер Жердің қабаттары және олардың өзіне тән ерекшеліктерін көрсетеді. Жерде адамның пайда болуы және оның эволюциясы туралы ғалымдардың ғылыми пікірлерін талқылайды. Табиғи құбылыстар мен үрдістердің пайда болу себептерін анықтайды. | Демонстрация және иллюстрация әдістері, материалдармен, карталармен жұмыс, зерттеу әдістері, проблемалық әдістер, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту, кейс-стади әдісі, жобалық оқыту | ОН 6; ОН 7 | Ауызша емтихан |
| 2 | **FGD 102** Геология және геоморфология | БП/ ЖК | 5 | Пән Жердің пайда болуы мен дамуы, геологиялық процестер, жер бедері, оның түрлері мен пішіндері, жаратылысы, таралуы туралы білімдерді қалыптастырады. Студенттер Жер бедерінің пішіндерін, сыртқы және ішкі процестерді сипаттайды. Пайдалы қазбалардың пайда болуы және оларды тиімді пайдалану жолдарын біледі. Тау жыныстарының абсолюттік және салыстырмалы жасын анықтайды. Тау жыныстары мен минералдарды салыстырады. | Демонстрация және иллюстрация әдістері, материалдармен, карталармен жұмыс, зерттеу әдістері, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту | ОН 6; ОН 7 | Жазбаша емтихан |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Геологиялық-геоморфологиялық карталарды қолдана біледі, талдайды және сызуды меңгереді. | | | |
| 3 | **FGD 203** Картография топография негіздерімен | БП/ ТК | 5 | Пән географиялық карталармен және топографиялық, картографиялық туындылармен жұмыс істей білу, оларды дұрыс оқу, талдау және ғылыми қызмет пен мектептегі оқу процесінде пайдалану туралы білімді қалыптастырады. Пәнді оқу барысында студенттер топографиялық және картографиялық материалды және геодезиялық өлшемдердің нәтижелерін сипаттау және бағалау қабілетін дамытады. Студенттер географиялық, топографиялық, картографиялық карта элементтерін, түрлері мен типтерін ажыратып, карталарды жіктеуді үйренеді. Масштаб, картографиялық проекциялар, торлар мен картографиялық бейнелеу тәсілдерін меңгереді. | Демонстрация және иллюстрация әдістері, материалдармен, карталармен жұмыс, зерттеу әдістері, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту | ОН 6; ОН 7 | Ауызша және жазбаша емтихан, презентация |
| 4 | **FGD 203** Топонимика | | | Пәнде топонимика туралы ұғымдар мен түсініктер, топонимиканың теориялық негіздері, топонимдер, географиялық атаулардың негізгі топтары, топономикалық жүйелердің қалыптасуына әсер етуші факторлар қарастырылады. Пән географиялық атауларды, олардың шығу тегін, семантикалық мағынасын, мәнін, топонимика бөлімшелерін, топонимдердің мен этимологиясын, топонимикадағы сөзжасам принциптерін, картографиялық топонимикадағы қатарлар заңын, жергілікті дамуын, қазіргі жағдайын, негізгі топтарын, жазылуын және айтылуын оқытады. Студенттер топонимдерді топтар бойынша біріктіреді, географиялық атаулардың мағынасын анықтайды. | Демонстрация және иллюстрация әдістері, материалдармен, карталармен жұмыс, зерттеу әдістері, проблемалық әдістер | ОН 6; ОН 7 | Ауызша және жазбаша емтихан, презентация |
| 5 | **FGD 204** Топырақ географиясы және ландшафттану | БП/ ТК | 5 | Пән топырақ географиясы, топырақ морфологиясы мен құрылымы, құрамы мен қасиеттері, географиялық таралу заңдылықтары | Демонстрация және иллюстрация әдістері, | ОН 6; ОН 7 | Жазбаша емтихан |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | және ландшафттар пен олардың типтері, түрлері туралы түсініктерді қалыптастырады. Студенттер топырақтың құрамы мен қасиеттерін, топырақ түзілу факторлары мен процестерін, топырақ құнарлылығын бағалау әдістерін, топырақты картографиялауды, топырақты тозудан қорғауды, топырақ құнарлылығын реттеудің негізгі тәсілдерін анықтауды үйренеді. Табиғи-антропогендік ландшафттарды, ландшафтардың кеңістіктік дифференциациясының табиғи факторларын, қазіргі заманғы ландшафттардың ретроспективті талдауын, ландшафтты картографиялауды зерттеуді меңгереді. | материалдармен, карталармен жұмыс, зерттеу әдістері | | |
| 6 | **FGD 204** Гидрология және геоэкология | | | Пән Жер бетіндегі гидрологиялық және геоэкологиялық жағдайлар туралы түсінік қарастырады. Пән гидросфераның қасиетін, динамикасын, жердің географиялық қабығындағы басқа элементтермен өзара байланысын, табиғаттағы су айналымын, адамның шаруашылық әрекетінде судың маңызын түсіндіреді. Географиялық процесстерді экологиялық заңдылықтарға негіздеп зерттейді. Студенттер гидрологиялық құбылыстар мен процестерге, су объектілерінің гидрологиялық жағдайына бақылау жүргізеді. Геожүйелердің тұрақтылығын және қоршаған ортаны қорғау мен оның экологиялық жағдайының нашарлап бұзылу құбылыстарын болдырмау үшін қандай жұмыстар жасау керектігін үйренеді. Геоэкологиялық жағдайын бақылап, саралайды. | Демонстрация және иллюстрация әдістері, материалдармен, карталармен жұмыс, зерттеу әдістері, проблемалық әдістер, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту | ОН 6; ОН 7 | Жазбаша емтихан |
| 7 | **FGD 305** Қазақстанның физикалық географиясы | БП/ ЖК | 5 | Пән - Қазақстан аумағының қалыптасуы мен дамуы, геологиялық кезеңдері туралы білім қалыптастырады. Студенттер Қазақстан аумағы табиғатының зерттелу тарихын біледі. | Демонстрация және иллюстрация әдістері, материалдармен, | ОН 6; ОН 7; ОН 8 | Ауызша сауалнама, жеке презентация |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Қазақстанның географиялық орнын, табиғат жағдайын, пайдалы қазбалардың түрлерін сипаттайды, табиғи-аумақтық кешендердің ерекшеліктерін біледі. Қазақстанның климатын, ішкі суларын, топырағын, жануарларын, өсімдіктерін, пайдалы қазбаларын зерттейді. Физикалық аймақтары мен ерекше қорғалатын аумақтарына шолу жасайды. Жер қойнауын тиімді пайдалануды, қоршаған орта экологиясының мәселелерін талқылайды. | карталармен жұмыс, зерттеу әдістері, проблемалық әдістер, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту, кейс-стади әдісі, жобалық оқыту | | (картаға түсіру) |
| 8 | **FGD 406** Географияны оқытудағы ГАЖ | БП/ ТК | 5 | Пән географиялық пәндерді оқытудың тиімділігін арттыру үшін ГАЖ және геоақпараттық технологияларды игеру мен қолдану туралы білімді қалыптастырады. Пән педагогикалық, ғылыми, тәжірибелік жұмыстарда картаны дұрыс пайдалануды және географиялық ақпаратты өңдеудің заманауи әдістері мен ГАЖ бағдарламаларының негіздерімен жұмыс жасауды оқытады. Студенттер картографияның теориялық негіздері, ГАЖ міндеттері мен атқаратын қызметі, сандық картаға түсіру технологиясы туралы білімдерін дәйектейді. ГАЖ құралдары арқылы деректерді жинау, сақтау, іріктеуді үйренеді және географиялық деректер базасын талдайды, қорытынды жасайды. | Демонстрация және иллюстрация әдістері, материалдармен, карталармен жұмыс, зерттеу әдістері | ОН 4; ОН 5; ОН 6; ОН 7 | Ауызша және жазбаша емтихан, жеке презентация (картаға түсіру) |
| 9 | **FGD 406** Қазақстанның киелі жерлер географиясы | | | Пән Қазақстанның өңірлік және жергілікті маңызы бар бірегей палеомәдени, тарихи және табиғи киелі орындардың шығу тарихын, археологиялық және сәулет ескерткіштері, діни және ғибадат орындарының кеңістіктік таралуын, ерекшеліктерін оқытады. Киелі орындар мен мәдени-тарихи ескерткіштерге құрметпен қарауға тәрбиелейді. Студенттер Қазақстанның киелі жерлерінің табиғаты, органикалық дүниесі, халқы, | Демонстрация және иллюстрация әдістері, материалдармен, карталармен жұмыс, зерттеу әдістері, проблемалық әдістер | ОН 6; ОН 7 | Ауызша және жазбаша емтихан, жеке презентация (картаға түсіру) |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | шаруашылығы, экологиялық мәселелері, тарихының негізгі кезеңдері, мәдениет, әдебиет, өнер, сәулет ескерткіштері туралы ақпараттарды жинайды. | | | |
| 10 | **FGD 307** Матриктер мен мұхиттардың физикалық географиясы | Бейіндеуші пән/ ЖК | 5 | Пән материктер мен мұхиттардың қалыптасуы мен дамуының географиялық заңдылықтарын туралы түсінік қалыптастырады. Студенттер жеке материктердің жер бедерін, климатын, ішкі суларын, топырағын, өсімдіктер жамылғысы мен жануарлар дүниесін салыстырады. Дүниежүзілік мұхит және оның бөліктеріне сипаттама беріп, талдайды. Адамның шаруашылық әрекетінен қоршаған ортаның өзгеруіне байланысты қазіргі экологиялық мәселелер мен оларды шешу жолдарын талқылайды. Материктердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды. Материктер мен мұхиттардың физикалық географиялық жағдайларын картаға түсіруді меңгереді. | Демонстрация және иллюстрация әдістері, материалдармен, карталармен жұмыс, зерттеу әдістері, проблемалық әдістер, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту, кейс-стади әдісі, | ОН 6; ОН 7; ОН 8 | Ауызша және жазбаша емтихан, жеке презентация (картаға түсіру) |
| 11 | **TFP 108** Оқу-дала практикасы | БП/ ЖК | 1 | Оқу-дала практикасының мақсаты -студенттердің өзіндік теориялық және тәжірибелік жұмыстар жүргізу дағдыларын қалыптастыру, ғылыми зерттеудің жаңа әдістерімен, тәжірибелік әдістермен, ғылыми және өндірістік ұйымдардағы жұмыс жағдайымен, қауіпсіздік техникасымен танысу. Оқу-дала практикасы теориялық білімдерін тереңдетуге және бекітуге, практикалық және зерттеу дағдыларын дамытуға, оларды заманауи қондырғылармен таныстыруға бағытталған. Оқу дала практикасы барысында студенттердің географиялық құбылыстар мен процестерді бақылау дағдыларын қалыптасады. Студенттер табиғи аумақты, өндірістік | Тәжірибелік әдіс, бақылау әдісі, зерттеу әдісі | ОН 5; ОН 6; ОН 7; ОН 12 | Есеп беру |
| 12 | **TFP 209** Оқу-дала практикасы | БП/ ЖК | 1 | | Тәжірибелік әдіс, бақылау әдісі, зерттеу әдісі | ОН 5; ОН 6; ОН 7; ОН 12 | Есеп беру |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | кешендерді далалық зерттеу әдістерін қолдана отырып, зерттейді. | | | |

**EGD-6 Экономикалық географиялық пәндер**

*Модуль сипаттамасы:* Модуль пәндері студенттердің педагогикалық білім жүйесіндегі экономикалық, әлеуметтік және саяси географияның орнын анықтау қабілетін қалыптастырады және географиялық зерттеулердің әртүрлі әдістерін қолдану теориясы мен практикасын меңгеруін үйретеді. Модуль әлеуметтік-географиялық кеңістікті және аумақты талдауды, экономикалық аудандастыруды, еңбектің аумақтық бөлінуін, жаһандық-геосаяси жағдайын талдауға, қоғамдық-географиялық зерттеулердің салалық бағыттарының сипаттамасын зерделеуге бағытталған. Студенттер Қазақстан мен дүние жүзіндегі әлеуметтік-экономикалық және саяси процестердің ағымдағы жай-күйіне аналитикалық шолу жүргізе алады. Географиялық зерттеудің әдіс-тәсілдерін меңгереді және практикада қолдана отырып жалпы географиялық, далалық зерттеулер жүргізеді, компьютерлік дизайнда карталарды ресімдейді. Әртүрлі деңгейдегі табиғи-экономикалық және аумақтық, әлеуметтік-экономикалық, саяси жүйелердің, қоршаған орта мен халықтың өзара әрекеттесуін бағалайды. Жаһандық проблемаларды географиялық тұрғыдан ашып көрсетеді және жалпы өркениеттің даму әсеріне баға береді.

| № | Пән коды мен атауы | Цикл/ компонент | Кредит саны | Пән сипаттамасы | Оқыту әдістері | Мақсатты ОН | Бағалау әдістері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **EGD 401** Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы | БП/ ТК | 5 | Пән Қазақстанның әкімшілік-аумақтық бөлінісін, халқы мен еңбек ресурстарын, экономикасын, шаруашылығын сипаттайды. Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық процестерді болжайды және табиғи ресурстарын, шаруашылық салаларын жіктейді. Студенттер Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік және геосаяси жағдайын, әлем елдері арасындағы рөлі мен орнын талқылайды. Қазақстанның экономикалық аудандары мен аймақтарын бөледі. Қазақстанның сыртқы экономикалық байланыстары анықтап, экономикалық дамуын басқа елдермен салыстырады. Қазақстанның және әлемдегі экономикалық жағдайға талдау жасайды және қазіргі экономикалық жағдайын бағалайды. | Демонстрация және иллюстрация әдістері, материалдармен, карталармен жұмыс, зерттеу әдістері, проблемалық әдістер, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту, кейс-стади әдісі | ОН 7; ОН 8 | Ауызша сауалнама, жеке презентация (картаға түсіру) |
| 2 | **EGD 401** Компьютерлік дизайн: карталарды ресімдеу | | | Пән картографиялық туындыларды ресімдеуді үйренеді, түрлі карталар мен атластарды дайындауда компьютерлік және желілік технологияларды, графикалық бейнелеу | Демонстрация және иллюстрация әдістері, материалдармен, | ОН 6; ОН 7; ОН 8 | Ауызша сауалнама, жеке презентация |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | құралдарын қолданады. Студенттер карталар мен атластарды құрастыру мен жасаудың, жаңартудың технологиялық процесін жүйелейді. Басылымдардың талаптары мен технологияларын орындайды. Штрихтік баспа, фондық бояулар мен жазуларды, жартылай реңктік түпнұсқаларды таңдайды. Карталарды жасау мен деректер базасын жобалауда компьютерлік сауаттылық пен дизайн негіздерін меңгереді. | карталармен жұмыс, зерттеу әдістері, проблемалық әдістер | | (картаға түсіру) |
| 3 | **EGD 402** Дүниежүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы | БП/ ТК | 5 | Пән дүниежүзі елдерінің әлеуметтік, экономикалық, саяси географиясы туралы түсінік қалыптастырады. Пән дүние жүзінің саяси картасының қалыптасу кезеңдерін, қоғамның территориялық ұйымын, оның заңдылықтарын, әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен процестердің территориялық саралануын зерттейді. Пәнді оқу барысында студенттер біртұтас, әр түрлі және динамикалық өзгеретін әлем туралы географиялық білім жүйесін, табиғаттың, халықтың және шаруашылықтың барлық аумақтық деңгейлердегі өзара байланысын, адамзаттың жаһандық мәселелерін және оларды шешу жолдарын меңгереді. Дүние жүзі елдерінің әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы салыстырып, талдайды. | Демонстрация және иллюстрация әдістері, материалдармен, карталармен жұмыс, зерттеу әдістері, проблемалық әдістер, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту | ОН 7; ОН 8 | Ауызша емтихан, жеке презентация (картаға түсіру) |
| 4 | **EGD 402** Геоэкономика және геоурбанистика | | | Пән геоэкономикалық және геоурбанистикалық зерттеулер үшін жалпы теориялық және әдіснамалық ережелерді қолдану, оларға сипаттама беру қабілетін қалыптастырады. Пән геоэкономика теориясының негізгі категориялары мен түсініктерін, геоэкономикалық жүйелердің қызмет етуі мен дамуының негізгі факторлары мен бағыттарын зерттеуге, сондай-ақ урбандалудың экономикалық географиялық аспектілер, | Материалдармен, карталармен жұмыс, зерттеу әдістері, проблемалық әдістер, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту | ОН 7; ОН 8 | Ауызша емтихан, жеке презентация (картаға түсіру) |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | белгілерін ашып көрсетуге бағытталған. Студенттер геоэкономикалық және геоурбанистикалық процестердің құрылымын талдай алады. Геоэкономикалық жаһандық процестердің логикасын және урбандалудың дүниежүзілік сипатын түсінеді. Қалалар мен урбанизацияның қазіргі мәселелерін талдайды. | | | |
| 5 | **EGD 303** Географиялық зерттеу әдістері | Бейіндеуші пән/ ТК | 6 | Пән географиялық білім беру мен географиялық зерттеулер жүргізуде географиялық зерттеу әдістерін қолданудың теориясы мен практикасын меңгертеді. Пән географиялық зерттеу әдістерінің мәні мен зерттеу нысандарын, негізгі және заманауи әдістерін оқытады. Студенттер географиялық зерттеу әдістерінің мәнін түсініп, географиялық әдістерді жіктейді. Тәжірибелік, эксперименттік, аналитикалық жұмыстарды жүргізуде географиялық әдістерді қолданады. Географиялық нысандарды, құбылыстарды, процесстерді зерттеу барысында географиялық жазбаларды құру, графикалық материалдарды алу үшін географиялық әдістер мен тәсілдерді пайдаланады. Жобаларды дайындап, талқылайды. | Материалдармен, карталармен жұмыс, зерттеу әдістері, проблемалық әдістер, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту, кейс-стади әдісі, жобалық оқыту | ОН 5; ОН 6; ОН 7; ОН 12 | Жазбаша емтихан (картаға түсіру) |
| 6 | **EGD 303** Геосаясат және геоглобалистика | | | Пән геосаяси теорияның қағидалары, негіздері, әдістері, геосаясаттың ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуы, ғаламдану жағдайындағы геосаясаттың ерекшеліктері туралы білім қалыптастырады. Пән саяси картадағы елдердің типологиясын, саяси құбылыстар мен процестердің аумақтық саралануын, әлемнің геосаяси және құрылымын геоглоболистиканың ерекшеліктерін саралайды. Студенттер әлем елдерінің геосаяси жағдайына сипаттама бере алады. Жаһандық проблемаларды географиялық тұрғыдан ашып көрсетеді. Ғаламдық | Материалдармен, карталармен жұмыс, зерттеу әдістері, проблемалық әдістер, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту | ОН 7; ОН 8 | Жазбаша емтихан (картаға түсіру) |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | проблемалардың табиғаты мен пайда болу себептерін, олардың өзара қарым-қатынасын, жалпы өркениеттің дамуына әсеріне баға береді. | | | |

**ННК-7 Тарих ғылымының негіздері мен Қазақстанның тарихи кезеңдері**

*Модуль сипаттамасы:* Модуль пәндері адамзаттың даму тарихын тарих ғылымының негіздері этнология, тарихнама, археологиялық зерттеулер арқылы танытып, Қазақстанның тарихи кезеңдеріне сипаттама береді. Студенттер модульдегі пәндерді игере отырып, бәсекеге қабілетті болашақ тарихшы маманның көмекші тарихи пәндердің тарих ғылымында алатын орнын анықтайды. Қазақстанның ежелгі, орта ғасырлар мен жаңа заман тарихының ерекшеліктерін анықтап, тарихи даму кезеңдерін талдайды. Халықтардың этникалық құрамын мен мәдениетін, тарихнамалық деректерді археологиялық ескерткіштер арқылы жан-жақты таниды және саралайды. Мұрағат ісінің теориялық, құқықтық және әдістемелік мәселелерін әзірлеуді және әлеуметтік ақпаратты сақтаудағы мұражай ісін жүргізуді меңгереді.

| № | Пән коды мен атауы | Цикл/ компонент | Кредит саны | Пән сипаттамасы | Оқыту әдістері | Мақсатты ОН | Бағалау әдістері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ННК 201** Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлар тарихы | БП/ ТК | 6 | Пән Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық мемлекеттердің қалыптасу процесін, тарихи оқиғаларды, өркениеттің пайда болуы туралы мәліметтерді қарастырады. Пәнді оқу барысында студенттер Қазақстан тарихының кезеңдері, дереккөздер мен тарихнама, тайпалық одақтар, тас, қола, темір ғасырлары мен археологиялық ескерткіштер талданады. Қазақстан жерінде қалыптасқан мәдениеттің әлемдік тарихи маңызын айқындайды. Студенттердің нақты материалдарды зерттеуде тарихи түсініктері мен тарихи-археологиялық білімнің іргелі базасы қалыптасады, болашақ маманның дүниетанымының құрамдас бөлігі ретінде тарихи ойлауы дамиды. | Зерттеу әдістері, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту | ОН 9; ОН 10; ОН 11 | Ауызша емтихан |
| 2 | **ННК 201** Этнология | | | Пән Жер халқының этникалық құрамының ғылыми көрінісі, оның мәдениеттері, тілдері, нәсілдік топтары туралы нақты түсінік қалыптастырады. Пәнді оқу барысында әлем халықтарының этногенезі, этникалық тарихы, дәстүрлі шаруашылығы, материалдық және | Материалдармен, картамен жұмыс істеу тәсілі, Кейс-стади әдісі, проблемалық оқыту | ОН 9; ОН 10 | Ауызша емтихан |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | рухани мәдениеті, қоғамдық және отбасылық тұрмысы, әлем халықтарының этнографиясы ғылымының қалыптасуындағы әлем халықтарының этнографиялық мектептері мен бағыттарының концепциялары терең зерделенеді. Студенттер бүгінгі таңдағы әлем халықтарының салт-дәстүрі, материалдық және рухани мәдениеті, экономикасы туралы деректерді жан-жақты таниды және саралайды. | | | |
| 3 | **ННК 202** Археология | БП/ ТК | 5 | Пән археологияның ғылым ретінде даму тарихын және археологиялық зерттеу түрлерін қарастырады. Пәнді оқу барысында студенттер адамзат дамуының тарихын археологиялық ескерткіштер арқылы таниды және тас, қола, темір дәуірінің ерекшеліктерін ажырата алады. Қазақстан мен Орта Азияның ортағасырлық археологиясын зерттейді. Еуразия территориясындағы қола мәдениетінің даму барысын меңгереді. Материалдық мәдениет ескерткіштерін тарихи дереккөз ретінде талдайды, белгілі бір археологиялық мәселе бойынша әртүрлі зерттеушілердің қорытындыларын салыстырады. | Зерттеу әдістері, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту | ОН 9; ОН 10; ОН 11 | Жазбаша емтихан |
| 4 | **ННК 202** Тарихнама | | | Курс аясында тарихнаманың негізгі ұғымдары, бағыттары мен мәселелері, теориялық аспектілері қарастырылады. Студенттер тарихнамалық ғылымның әдістері мен тарихнаманың бастапқы және қайталама көздерін, тарихнамалық зерттеудің аспектілерін меңгереді. Тарихнаманың оқу пәні ретіндегі ерекшеліктері мен тарихнаманы зерттеудің негізгі принциптерімен танысады. Антикалық тарихнамамен, гуманистік тарихи оймен, қайта өрлеу мен реформация дәуірінің тарихи тұжырымдарымен, ағарту дәуірінің негізгі | Материалдармен, картамен жұмыс істеу тәсілі, Кейс-стади әдісі, проблемалық оқыту | ОН 9; ОН 10; ОН 11 | Жазбаша емтихан |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бағыттарымен танысып, жаңа заман дәуіріндегі тарихнаманы меңгереді. Әр кезең тарихнамасын зерттеуде материалды іздеп, іріктеп және жазбаша дереккөздерді сыни талдайды. | | | |
| 5 | **ННК 403** Қазақстанның жаңа заман тарихы | Бейіндеуші пән/ ТК | 5 | Пән студенттердің бойында әлеуметтік тарих және жаңа империялық тарих теориялары негізінде жаңа уақыттағы (XVIII - XX ғғ.басы) Қазақстан тарихын зерделеу арқылы кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырады. Пән XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық, саяси үрдістерді қарастырады. Қазақстанның Ресейге қосылуы сияқты өзекті мәселелер игеріледі. Отаршылдыққа қарсы күрес және XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы талданады. Студенттер XVIII-XX ғғ. басындағы Қазақстан мәдениетінің тарихын меңгереді. | Материалдармен, карталармен жұмыс, зерттеу әдістері, проблемалық әдістер, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту, кейс-стади әдісі, жобалық оқыту | ОН 9; ОН 10; ОН 11 | Ауызша және жазбаша емтихан |
| 6 | **ННК 403** Мұрағаттану және мұражайтану негіздері | | | Пән мұрағаттану және мұражайтану ісінің ұйымдастырылуының тарихи кезеңдерін, Республика мұрағаттары мен мұражайларының қызметінің теориялық және әдіснамалық негіздерін қарастырады. Мұрағат ісінің теориялық, құқықтық, әдістемелік мәселелерін әзірлеуді және әлеуметтік ақпаратты сақтаудағы мұражай ісін жүргізуді үйретеді. Пәнді оқу барысында студенттер қазіргі заманғы әдістемелік теориялық негіздерінен білім алып мұрағат және мұражай мекемелерінің жұмысын ғылыми ұйымдастыруды меңгереді. Қазіргі кезеңдегі мұрағат және мұражай ісінің негізгі бағыттарын үйреніп, мұрағат ісі бойынша заңнамалық актілерге талдау жүргізе алады. | Зерттеу әдістері, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту | ОН 9; ОН 10; ОН 11 | Ауызша және жазбаша емтихан |

**НСW-8 Адамзат өркениеті және әлем тарихының кезеңдері**

*Модуль сипаттамасы:* Модуль адамзат өркениетінің қалыптасуы мен дамуының тарихи процестерін қарастыратын әлем елдерінің тарихи кезеңдерін оқытатын пәндер жиынтығымен ұсынылған. Модуль пәндері әлем елдерінің тарихын меңгеру арқылы бәсекеге қабілетті болашақ маманның дүниетанымын, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға және кәсіби табысқа жетуге бағытталған. Студенттер әлем өркениеттерінің тарихи дамуының адамзатқа әсері туралы жалпы мағлұмат ала отырып, тарихи және ғылыми дүниетанымның мазмұны мен өзіндік ерекшеліктерін түсіне алады. Дүние жүзі елдерінің тарихын оқытуда ежелгі заманнан қазіргі заманға дейінгі дамуының негізгі кезеңдерін талдайды. Студенттер тарихи оқиғаларды талдай отырып, Батыс пен Шығыстың ежелгі, ортағасырлық мемлекеттерінің пайда болуы мен дамуын, мәдениетін, басқару жүйелерінің, экономиканың, әлеуметтік құрылымның пайда болу проблемаларын саралайды. Европа мен Америка елдерінің және Азия мен Африка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихын оқуда саяси, экономикалық, рухани және мәдени өмірді жан-жақты талқылайды.

| № | Пән коды мен атауы | Цикл/ компонент | Кредит саны | Пән сипаттамасы | Оқыту әдістері | Мақсатты ОН | Бағалау әдістері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **НСW 101** Ежелгі дүние тарихы | БП/ ТК | 5 | Пән ежелгі мемлекеттің пайда болуы мен дамуы, құл иеленушіліктің дамуы мәселелерін қарастырады. Пәнді оқу барысында студенттер ежелгі шығыстағы жер шаруашылығы ошақтарының, ірі өзендер мен суландыру жүйелерінің маңыздылығын, мемлекеттіліктің (шығыс деспоты) ежелгі Шығыс мемлекеттерінің дамуындағы орнын талқылайды. Студенттер ежелгі мемлекеттер жайлы деректер мен тарихнамаға тоқтала отырып, мемлекеттердің тарихын кезеңдерге бөлу сияқты мәселелерді талдайды. | Зерттеу әдістері, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту | ОН 9; ОН 10; ОН 11 | Жазбаша емтихан |
| 2 | **НСW 101** Қосалқы тарихи пәндер | | | Пән тарихи шындықты қосалқы тарихи пәндер деректері арқылы сипаттап, баға бере білу қабілетін қалыптастырады. Қосалқы тарихи пәндер мазмұны белгілі тарихи мәліметтерді байыта түсіп, тарихи оқиғалардың әр алуан деректік көзін саралауға, тарих ғылымын жан-жақты игеруге мүмкіндік береді. Студенттер тарихи нақтылықты талдау мен бағалау және қосалқы тарихи пәндер деректерінің тарихи-ақпараттық әлеуетін анықтау үшін деректердің табиғатын, толықтығы мен шынайылығын | Зерттеу әдістері, проблемалық әдістер, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту | ОН 9; ОН 10; ОН 11 | Жазбаша емтихан |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | түсінудің теориялық-әдіснамалық негізін саралайды. | | | |
| 3 | **HCW 302** Орта ғасырлар тарихы | Бейіндеуші пән/ ЖК | 5 | Пән орта ғасырлардағы мемлекеттік құрылымдардың пайда болуы, өрлеуі, ыдырауы мәселелерін әлемдік тарих контекстінде қарастырады. Студенттер тақырыпты зерттеу кезінде орта ғасырлар тарихының саяси ерекшеліктерін және тарихи процестердің аймақтық ерекшеліктерін анықтайды; ғылыми әдебиеттерге шолу жасап, әртүрлі тарихи деректерді және тарихи даму заңдылықтарын талдайды; тарихи карталармен жұмыс жасайды. Бүкіл әлем тарихының бірлігін және қоғамдық дамудың негізгі заңдылықтарының жаһандық сипатқа ие екендігін түсінеді және ортағасырлық кезеңдегі оқиғалардың даму ерекшеліктерін сыни тұрғыдан талдайды. | Зерттеу әдістері, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту | ОН 9; ОН 10; ОН 11 | Ауызша және жазбаша емтихан |
| 4 | **HCW 303** Европа және Америка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы | БП/ ТК | 6 | Пән тарихнамалық зерттеулер мен деректер негізінде Европа мен Америка елдерінің соңғы және қазіргі заманғы тарихының теориялық негіздерін қарастырады. Студенттер Европа мен Америка елдерінің жаңа және қазіргі заманғы тарихының негізгі мәселелері бойынша ғылыми еңбектерді өзекті тарихи дереккөздер негізінде сипаттайды. Сондай-ақ жаңа және қазіргі заман оқиғаларын әртүрлі түсіндіруді ұсынатын негізгі ғылыми еңбектерді зерттеу негізінде талдайды. Студенттер тарихи фактілерді түсініп, сыни сараптама жүргізеді. | Материалдармен, карталармен жұмыс, зерттеу әдістері, проблемалық әдістер, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту,кейс-стади әдісі, жобалық оқыту | ОН 9; ОН 10; ОН 11 | Ауызша және жазбаша емтихан |
| 5 | **HCW 303** Шығыс елдерінің орта ғасыр тарихы | | | Пән Шығыс елдерінің орта ғасырлық тарихының кезеңделуі, қоғамда, экономикада, дінде, мәдениетте, саяси институттарда, діни және халықтық қозғалыстарда болып жатқан негізгі тенденцияларын қарастырады. Көрнекті тарихи | Зерттеу әдістері, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту | ОН 9; ОН 10; ОН 11 | Ауызша және жазбаша емтихан |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тұлғалардың есімдері мен өмірбаяндары талданады. Студенттер Шығыс елдерінің орта ғасырлық кезеңіне қатысты негізгі оқиғалардың даму ерекшеліктерін сыни тұрғыдан талдай отырып, бүкіл дүниежүзілік тарихтың біртұтастығын, қоғамдық дамудың негізгі заңдарының әлемдік сипаты бар екендігін түсінеді. | | | |
| 6 | **HCW 304** Азия және Африка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы | БП/ ТК | 6 | Пән Азия және Африка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы бойынша білімді қалыптастырады. Пән Азия және Африка елдерінің жаңа және қазіргі замандағы қоғамдық дамуының негізгі жолын мазмұндайтын әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени-рухани үрдістерді кешенді түрде оқып-үйренуге бағытталады. Студенттердің Азия мен Африка елдерінің жаңа және жаңа тарихы бойынша білімі қалыптастырылады және Азия мен Африка елдерінің жаңа тарихы арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды зерттейді, табиғи және жеке ерекшеліктерін салыстырады және бөліп көрсетеді. | Материалдармен, карталармен жұмыс,зерттеу әдістері, проблемалық әдістер, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту, кейс-стади әдісі, жобалық оқыту | ОН 9; ОН 10; ОН 11 | Ауызша және жазбаша емтихан |
| 7 | **HCW 304** Еуропа елдерінің орта ғасыр тарихы | | | Пән Еуропадағы феодализмнің генезисі, өркендеуі және құлдырауы тарихы туралы білімді қалыптастырады. Пән Еуропадағы орта ғасырлардағы капиталистік қатынастардың қалыптасуының алғашқы кезеңдерін талдайды. Студенттер пәнді оқу барысында Батыс Еуропаның этно-саяси картасының негіздерінің қалыптасу тарихымен байланысты бірқатар мәселелерін талдайды. Батыс Европалық өркениеттің рухани, мәдени, әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуындағы ерекшеліктерін, мемлекеттердің | Материалдармен, карталармен жұмыс, зерттеу әдістері, проблемалық әдістер, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту, кейс-стади әдісі, жобалық оқыту | ОН 9; ОН 10; ОН 11 | Ауызша және жазбаша емтихан |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | христиандадырылуы және католик шіркеуінің қоғамдағы орны мен рөлін сраптайды. | | | |
| 8 | **HCW 405** Әлем өркениеттерінің тарихы | Бейіндеуші пән/ ТК | 4 | Пән ежелгі дәуір кезеңінен XX ғасырдың соңына дейінгі ірі өркениеттер (Ежелгі шығыс өркениеті, Антика өркениеті, Эллинизм, Византия, Орта ғасырдағы Еуропа, Ерте жаңа замандағы Батыс Еуропа елдері) тарихының дамуын, негізгі заңдылықтары мен бағыттарын қарастырады. Студенттерді бүкіл адамзат тарихының даму үдерістерімен таныстырып қоймай, сонымен қатар болашақ жас мамандарды қазіргі таңда болып жатқан жаһандық-өркениеттік және гуманитарлық дүниетаныммен, сонымен бірге әртүрлі дәуірлердегі мәдени өмірдің жан-жақты құбылыстарымен таныстырып, өз алдына сараптама жасай білуге дағдыландырады. | Зерттеу әдістері, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту | ОН 9; ОН 10; ОН 11 | Жазбаша емтихан |
| 9 | **HCW 405** Адам және қоғам | | | Пән адам, табиғат, қоғамның өзара байланысы, жеке адам, тұлға, адамның іс-әрекеті, қоғам және қоғамдық қатынастар, «мемлекет» пен «өркениет» ұғымдарды қарастырады. Студенттерде адам және оның шығу тегінің тарихы туралы түсініктері қалыптасады. Пәнді оқу барысында өркениет, индустриялдық қоғам, қазіргі заманғы өркениет, адам және экономика, қоғамның әлеуметтік құрылымы, ұлт және ұлтаралық қатынастар, қоғам және отбасы, қоғам және дін туралы мәселелерді талдауды үйренеді. | Материалдармен, картамен жұмыс, зерттеу әдістері, проблемалық әдістер сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту, кейс-стади әдісі | ОН 9; ОН 10; ОН 11 | Жазбаша емтихан |

**MDP-9 Пәнді оқыту әдістемесі және кәсіби педагогикалық практикалар**
*Модуль сипаттамасы:* Модуль педагогикалық мамандықтың теориялық негіздерін құрайтын географияны және тарихты оқыту әдістемесі пәндерін және болашақ кәсіби қызмет жағдайларына бейімделуіне септігін тигізетін педагогикалық, өндірістік (педагогикалық) және дипломалды (педагогикалық) практикаларды қамтиды. Модуль қазіргі заманғы мұғалімнің тұлғасын қалыптастыруға негізделген. Студенттер географияны және тарихты оқыту әдістемесінің жалпы әдіс-тәсілдерімен танысады және оқытудың мақсатын, оқытуды ұйымдастыру формаларын, оқыту әдістері мен технологияларын, оқыту құралдарын қолдануды біледі**.** Педагогикалық практикалардан өту барысында студенттердің кәсіби маман тұлғасы қалыптасады.

| № | Пән коды мен атауы | Цикл/ компонент | Кредит саны | Пән сипаттамасы | Оқыту әдістері | Мақсатты ОН | Бағалау әдістері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **MDP 301** Географияны оқыту әдістемесі | БП/ ЖК | 5 | Пән - географияны оқытуда оқу жұмысын жоспарлау мен ұйымдастыру формаларын, инновациялық технологиялар, педагогикалық әдістер туралы білім қалыптастырады. Студенттер География бойынша мектеп бағдарламалары мен оқулықтарының мазмұнын біледі, сабақ жоспарларын әзірлейді, критериалды бағалау жүйесін меңгерген, инновациялық әдістер мен технологияларды, географиялық оқыту құралдарын пайдаланады. Студенттер оқыту әдістері мен оқушы білімін байланыстыра отырып, педагогикалық шеберлігін жетілдіреді, оқушының таным қабілетін дамыту мүмкіндіктерін ашады. | Педагогикалық жағдаяттарды шешу, материалдармен, карталармен жұмыс, зерттеу әдістері, проблемалық әдістер, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту,кейс-стади әдісі, жобалық оқыту | ОН 2; ОН 4; ОН 5; ОН 12 | Тест |
| 2 | **MDP 302** Тарихты оқыту әдістемесі | БП/ ЖК | 5 | Пән тарих пәні мұғалімінің қызметін орындауды қамтамасыз ететін бастапқы әдістемелік дағдыларды қалыптастырады. Педагогикалық пәндер жүйесіндегі тарихты оқытудың әдістемелік жүйесінің пайда болуы мен тарихты оқыту әдістемесінің тарихи және саяси-әлеуметтік пәндермен байланысын анықтайды. Студенттер мектептегі тарих пәндернің мазмұнын, мақсатын, оқыту құралдарын, әдістері мен тәсілдерін меңгереді. Мектептегі Қазақстан және дүниежүзі тарихы пәндерінің құрылымы мен мазмұнын талдай алады және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыра біледі. | Педагогикалық жағдаяттарды шешу, зерттеу әдістері, проблемалық әдістер, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту,кейс-стади әдісі, жобалық оқыту | ОН 2; ОН 4; ОН 5; ОН 12 | Тест |
| 3 | **PP 303** Педагогикалық практика | БП/ ЖК | 6 | Практиканың мақсаты - оқыту үдерісін ұйымдастыру үшін іс-әрекет тәжірибелік білігі мен тәсілдерін қалыптастыру. Студенттер негізгі педагогикалық заңдылықтарды үйренеді, | Тәжірибелік әдіс, нақты жағдайлар әдісі, интерактивті оқыту (кейс әдісі, ситуациялық талдау | ОН 2; ОН 4; ОН 5; ОН 6; ОН 7; ОН 8; ОН 9; ОН | Есеп беру |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | теориялық білімдерін практикалық дағдыларымен ұштастырады, оқу-тәрбие барысында оқушылармен жұмыс жүргізеді. Жаңартылған оқу бағдарламаларына сәйкес мектеп пәндері бойынша сабақ береді және қорытынды сабақтарын, сыныптан тыс іс-шараларды жобалау және өткізу, оларға өзіндік талдау жүргізеді. | әдісі, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту т.б.) | 10; ОН 11; ОН 12 | |
| 4 | **P(P)P 404** Өндірістік (педагогикалық) практика | Бейіндеуші пән / ЖК | 16 | Практиканың мақсаты таңдаған мамандық саласында кәсіби білімді қалыптастыру, бағдарламаның бағыттары мен арнайы пәндері бойынша алынған теориялық білімді бекіту, таңдаған мамандандырылған даярлық бағыты бойынша қажетті кәсіби құзыреттілікті меңгеру болып табылады. Практика барысында бүгінгі студент ертеңгі ұстаздық белсенділігін арттырып, интелектуалдылығын қалыптастырады, оқу-тәрбие процесін ұйымдастырады. | Тәжірибелік әдіс, нақты жағдайлар әдісі, интерактивті оқыту (кейс әдісі, ситуациялық талдау әдісі, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту т.б.) | ОН 2; ОН 4; ОН 5; ОН 6; ОН 7; ОН 8; ОН 9; ОН 10; ОН 11; ОН 12 | Есеп беру |
| 5 | **P(P)P 405** Дипломалды (педагогикалық) практика | Бейіндеуші пән / ЖК | 2 | Мақсаты - студенттердің диплом жұмысын дайындауға бағытталған ақпараттық-талдамалық зерттеу негізінде теориялық білімдерін бекіту, талдау және басқару жұмысының дағдыларын иелену. Практикадан өту кезінде студенттер диплом жұмысының материалдарын жинақтау және қорыту, ұсынылатын мәліметтер сапасын және зерттеу объектісін талдайды. | Тәжірибелік әдіс, нақты жағдайлар әдісі, материалдармен, карталармен жұмыс, зерттеу әдістері | ОН 2; ОН 4; ОН 5; ОН 6; ОН 7; ОН 8; ОН 9; ОН 10; ОН 11; ОН 12 | Есеп беру |

**FA-10 Қорытынды аттестация**
*Сипаттамасы:* Модульде дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру ережесі көрсетіледі.

| № | Пән коды мен атауы | Цикл/ компонент | Кредит саны | Пән сипаттамасы | Оқыту әдістері | Мақсатты ОН | Бағалау әдістері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **WDDP(P)PCE 401** Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және | ҚА | 8 | Диплом жұмысын (жоба) әзірлеу мақсаты: білім беру бағдарламасын аяқтаған білімгерлердің қол | | ОН 2; ОН 4; ОН 5; ОН 6; ОН 7; ОН 8; | Дипломдық жұмысты (жобаны) |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру | | | жеткізген оқыту нәтижелері мен басты құзыреттерін бағалау.<br>Жұмысты (жобаны) қорғауы оның орындауын тексерудің ерекше формасы. Қорғау білім алушылардың ұсынған шешімдерін жан-жақты дәлелдеуге және орындалған жұмысты түсінуді қамтиды. Дипломдық жұмысқа (жобаға) баға білім алушының баяндауынан кейін, сұрақ-жауаптан соң және зерттеудің қорытындысы бойынша ұсынған оқу материалдарын, сызбаларын, жобаларын, модельдерін, т.б. тексеруден кейін қойылады.<br>Кешенді емтихан мақсаты: білім беру бағдарламасын зерделеу аяқталғаннан кейін алынған төмендегі білім беру нәтижелерін және игерілген құзыреттерді бағалау болып табылады. Кешенді емтихан оқу жоспарында көрсетілген бағдарлама пәндері пәндері бойынша өткізіледі. Білім алушының емтихан тапсыруда алған білімін бағалауда теориялық, ғылыми және тәжірибелік дайындық деңгейі ескеріледі. Кешенді емтихан билеттерінің сұрақтары оқу жоспарына сәйкес оқытылған барлық арнаулы пәндерден жинақталған сұрақтар қамтиды. Сұрақтарды түзу барысында бағдарламаның ерекшелік сипаттары, салалық құрамдас бөліктері ескеріледі. | | ОН 9; ОН 10; ОН 11; ОН 12 | қорғау немесе кешенді емтихан |

## 3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ РЕСУРСТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ

### 3.1. КІТАПХАНА ҚОРЫ

Білім беру бағдарламасы бойынша кадрларды даярлау сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі студенттердің оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми, анықтамалық, көркем әдебиеттермен және мерзімді басылымдармен қамтамасыз етілуі болып табылады.

6B01512-География-Биология БББ бойынша кітапхана қоры 2022 жылғы 1 маусымға 6627 дананы құрайды, оның ішінде мемлекеттік тілде 4418 дана, орыс тілінде 1953 дана және шетел тілінде 256 дана.

Университет кітапханасы білім алушылар мен профессорлық оқытушылық құрамның IPR books, Polpred, Alembook, Web of Science, Elsevier (Scopus) мәліметтер базасына қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

ҚР жоғары оқу орындарының электрондық білім беру және ғылыми ресурстарын біріктіретін республикалық ЖОО аралық электрондық кітапханаға (РЖООАЭК) қол жеткізілген.

Білім беру бағдарламасы студенттерінің келесі ғылыми журналдарға: ҚазҰУ Хабаршысы. География сериясы; ҚазҰҚызПУ Хабаршысы; National Geographig; География және табиғат; География, биология, экология орта мектепте; Қазақстан география және экология мектепте және ЖОО оқыту; Биология, география және экология мектепте оқыту әдістемесі; География в школах и вузах Казахстана; Экологическое образование в Казахстане; Гүлстан; Таптым-Эврика; Қазақстанның жер ресурстары; Қазақстан жоғары мектебі; Ізденіс-Поиск; Экологический курьер кіруі қамтамасыз етілген.

2010 жылдан бастап кітапхана ҚазҰлтҚызПУ студенттеріне дәстүрлі форматтағы магистрлік диссертациялардың мазмұнымен танысуға мүмкіндік береді (150-ден астам атау), олардың жартысы бүгінгі күні PDF-форматқа ауыстырылды.

Сондай-ақ, студенттер компьютерден электрондық кітапханаға қолжетімділікті қамтамасыз ететін «ҚазҰлтҚызПУ электронды кітапханасы» қызметін әлемнің кез келген нүктесінен 24/7 форматында пайдалана алады. (сайт мекенжайы: lib.kazmkpu.kz). Электронды кітапхана базасында студенттерге ұсынылатын толықмәтінді қайнар көздердің 10000-ға жуық бірлігі, лицензияланған кітаптардың 1000-нан астам бірлігі, кітапхана қызметкерлері сканерлеген 6676 бірлік, ал 300-ге жуық кітап сирек қор көздеріне жатады.

### 3.2. КАДРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Білім беру бағдарламасын География кафедрасы іске асырады. Білім беру бағдарламасына қызмет көрсететін ПОҚ-тың (базалық және бейіндеуші пәндер циклындағы пәндер) сандық және сапалық көрсеткіштері:

ПОҚ жалпы саны - 10 адам, оның ішінде:
Ғылым докторы -
Ғылым кандидаты - 4
Философия докторы (PhD) - 1
Магистр - 5
Кафедраның ғылыми әлеуеті - 50%

Білім беру бағдарламасын Тарих кафедрасы іске асырады. Білім беру бағдарламасына қызмет көрсететін ПОҚ-тың (базалық және бейіндеуші пәндер циклындағы пәндер) сандық және сапалық көрсеткіштері:

ПОҚ жалпы саны - 35 адам, оның ішінде:
Ғылым докторы - 4
Ғылым кандидаты - 15

Философия докторы (PhD) - 5
Магистр - 11

Білім беру бағдарламасының профессорлық-оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамалары **Кадрлық анықтамалығында** көрсетілген.

3.3. МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗА

Университет заманауи әлеуметтік инфрақұрылымға ие. Жалпы ауданы 23458,8 ш.м. және пайдалы ауданы 13215,6 ш. м. 3 оқу ғимараты бар. Басқа қаладан келген студенттер жатақханамен қамтамасыз етілген. ҚазҰҚПУ-дың меншігінде жалпы ауданы 23111,6 ш.м. 6 жатақхана, сондай-ақ ПОҚ үшін бір «Ғалымдар үйі» бар. Университет аумағында медициналық орталық және «Жан Шуағы» психологиялық орталығы жұмыс істейді.

Әр студенттер үйінде тұру үшін қажетті жағдайлар жасалған, жатақхана жұмысын үйлестіру бөлімінің қызметкерлері түрлі мәдени-көпшілік, спорттық іс-шаралар, конкурстар өткізеді. Мүмкіндігі шектеулі студенттер үшін лифт, пандус, әрбір студенттер үйінде жаттығу залы жұмыс істейді.

Университетте қауіпсіздік, есепке алу және азаматтық қорғаныс бөлімі жұмыс істейді. Қоғамдық тәртіп пен материалдық базаның сақталуын университеттің күзет қызметі қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта университетте 5 интерактивті дәріс залы, 37 мамандандырылған мультимедиялық кабинет, оқу зертханалары мен лингафондық кабинеттер жұмыс істейді.

География кафедрасында №303 Ландшафтану, №311 Геоақпараттық жүйелер дәрісханасы, №313 Экономикалық және әлеуметтік география дәрісханасы, №314 г.ғ.к., профессор Б.Ә.Бірмағамбетов атындағы дәрісханасы, №317 Географияны оқыту әдістемесі дәрісханасы, №319 Өлкетану және рекреациялық география дәрісханасы, №320 Физикалық географиялық дәрісханалары бар.

***Практика базалары:***

| № | Ұйымның (мекеменің) атауы | Келісімшарттың №, келісілген күні, айы, жылы |
|---|---|---|
| 1 | Алматы қ, «Ш.Смаханұлы атындағы №62 гимназиясы» КММ | №7, 17.08.2020ж. |
| 2 | Алматы қ, «№184 жалпы білім беретін мектеп» КММ | №332, 18.02.2020ж. |

## 4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

| № | Іс-шараның мазмұны | Іске асыру мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| **Оқу-әдістемелік бағыт** | | | |
| 1 | Пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін, силлабустарды әзірлеу | тамыз 2023ж. | География және Тарих кафедраларының профессор-оқытушылар құрамы |
| 2 | Оқулықтар мен оқу құралдарын дайындау | жыл бойы | Е.А.Тулегенов, Л.Т.Кожакеева, Т.Ашимов, К.Н.Мамирова, Н.Н.Карменова, К.А.Тлеубергенова, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | У.С.Токтагулова, М.Е.Токсабаева |
| 3 | Әдістемелік семинарлар өткізу | жыл бойы | География кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы |
| 4 | Оқу жылында аккредиттелетін негізгі білім беру бағдарламасын дайындау: түсіндірме жазбаларды және ББ басқа да құрылымдық компоненттерін дайындау. | жыл бойы | Е.А.Тулегенов Л.Т.Кожакеева, У.С.Токтагулова |
| **Ғылыми-зерттеу бағыты** | | | |
| 5 | Шет елдердің университеттері мен ғылыми орталықтарынан ғалымдар дәрістерін оқуды ұйымдастыру, сондай-ақ оларды білім беру және ғылыми семинарлар, конференциялар өткізу үшін тарту. | жыл бойы | Е.А.Тулегенов |
| 6 | Шетелдік және ресейлік ұйымдармен (Web of Science, Scopus, Ресейлік ғылыми дәйексөз индексі) индекстелетін ғылыми мерзімдік басылымдарда мақалаларды дайындау | жыл бойы | География және Тарих кафедраларының профессор-оқытушылар құрамы |
| 7 | Халықаралық зерттеу тобын қалыптастыру және отандық және шетелдік жоғары оқу орындарымен үздіксіз педагогикалық білім беру зертханасының бірлескен зерттеу жобаларын құру | жыл бойы | География және Тарих кафедраларының профессор-оқытушылар құрамы |
| **Тәрбие бағыты** | | | |
| 8 | Кафедра студенттерінде белсенді азаматтық ұстанымын, әлеуметтік жауапкершілігін, патриоттық сезімін, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру. | жыл бойы | География кафедрасының эдвайзерлері мен профессор-оқытушылар құрамы |
| 9 | Студенттердің әлеуетін және әлеуметтік жауапкершілігін ашу механизмдерін, патриоттық тәрбие беру және азаматтық белсенділікті қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру | жыл бойы | География кафедрасының эдвайзерлері мен профессор-оқытушылар құрамы |
| 10 | Сыртқы ұйымдар өткізетін оқудан тыс жұмыстар мен жастар саясатына қатысты конференцияларға, семинарларға және басқа да іс-шараларға қатысу | жыл бойы | География кафедрасының эдвайзерлері мен профессор-оқытушылар құрамы |
| **Біліктілікті арттыру** | | | |
| 11 | Біліктілікті арттыру семинарлары мен курстарын өткізу | жыл бойы | География және Тарих кафедраларының профессор-оқытушылар құрамы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 12 | Барлық ПОҚ біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өту | жыл бойы | География және Тарих кафедраларының профессор-оқытушылар құрамы |
| **Кәсіптік бағдар беру жұмысы** | | | |
| 13 | Университет пен мектептерде өткізілетін олимпиадаға қатысу | жыл бойы | А.Е.Тулегенов пен кафедраның профессор-оқытушылар құрамы |
| 14 | Халықаралық және республикалық конференцияларға, симпозиумдарға қатысу | жыл бойы | География және Тарих кафедраларының профессор-оқытушылар құрамы |